

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

№6 | 2022

ZANMEDIA.KZ



БОЛАТБЕК ҚАТЫҚБАЕВ,
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
АУДАНАРАЛЫҚ ТЕРГЕУ СОТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

**«МЕН ҮШІН ЕҢ ҮЛКЕН БАҒА -
ХАЛЫҚТЫҢ ЫҚЫЛАС-ПЕЙІЛІ»**

3-БЕТ

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№6 | 2022

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АҒЫБАЕВ А. з.ғ.д.,
профессор

АЛАУХАНОВ Е. з.ғ.д.,
профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е. з.ғ.д.

ӘБДІРАСҰЛОВ Б. б.ғ.д.,
профессор

БЕКТҰРҒАНОВ Ә. з.ғ.д.,
профессор

ДОСАЛИЕВ Қ. з.ғ.д.

СӘБІКЕНОВ С. з.ғ.д.,
профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

ТҰРМАҒАНБЕТОВА А.
дінтану магистрі

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

Болатбек ҚАТЫҚБАЕВ, Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық
тергеу сотының төрағасы:

«МЕН ҮШІН ЕҢ ҮЛКЕН БАҒА — ХАЛЫҚТЫҢ ҰҚЫЛАС-ПЕЙІЛІ»

Т. СМАҒҰЛҚЫЗЫ

3

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ, НҰРЫ ТАСЫСЫН

Ж. ЖЕТІБАЕВ

14

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖҮЙЕ ЖҰМЫСЫН ЖАНДАНДЫРДЫ

Е. БАҚЫТЖАН

16

МЕРЕКЕНІҢ БЕЛГІЛЕНУІНЕ БІЗДІҢ ДЕ ҮЛЕСІМІЗ БАР

Ы. МӘТІБАЕВ

18

СОТ — МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІҢ БІР ТАРМАҒЫ

Д. КЕНШІМОВА

21

СУДЬЯ АДАЛДЫҚ ПЕН ӘДІЛЕТТІЛІКТІҢ ҮЛГІСІ

Б. АХМЕТОВ

23

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚОЛДАНУ

Қ. АРИНОВ

27

ҚОСЫМША ЖАЗА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Г. ДАУЛЕШОВА

29

МАЛ ҰРЛАҒАНДАР ТАТУЛАССА ДА ЖАЗАЛАНАДЫ

Р. БАЙМАХАНБЕТОВ

33

МӨЛШЕРЛЕСТІК ҚАҒИДАТЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ

А. АЛИМБЕТОВ

35

САЛАДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТЫҢ СЕРПІН БЕРДІ

Қ. ДУАНБЕКОВА

40

Болатбек ҚАТЫҚБАЕВ Талдықорған облысында дүниеге келген, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірген (бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ). Ауғанстан соғысының ардагері. Әскери борышын 56-шы жеке десанттық шабуыл бригадасында өтеген. Заңгердің есімі еліміздің құқық қорғау, сот салаларымен тығыз байланысты. Алғашында Алакөл аудандық прокурорының көмекшісі болған ол өзінің кәсіби шеберлігін оқытушылық қырынан да танытып, Талдықорған қаласындағы ЖЭИ-да және Алматы қаласының Қазақстан – Британ университетінде ұстаздық еткен.

Болатбек Әділханұлы ел соттарының өсіп-өркендеу, даму жолына өлшеусіз үлес қосқан тұлға, әрі сот саласында ширек ғасырлық тәжірибесі бар судья. Өмір толқынында жастайынан шыңдалған ол абыройлы еңбегімен беделді қызмет белестеріне көтерілді. Сот саласындағы еңбек жолын Талдықорған қалалық сотында судьялықтан бастап, қызметін Алматы қаласының аудандық Түркісіб, Әуезов, МАҚС соттарында жалғастырды. Қазіргі кезде Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының төрағасы қызметін абыроймен атқарып отыр.

Б.Ә.Қатықбаев Ауған соғысында көрсеткен ерлігі үшін Кеңес өкіметі Жоғарғы Кеңесінің арнайы грамотасымен, «Орден Красной Звезды» және «За заслуги перед Отечеством» ордендерімен, «За отвагу», «За боевые заслуги», «За ратную доблесть» медальдарымен, «ҚР Конституциясының 20-жылдығы» медалімен, «Б.Момышұлы медалімен» және 28 әртүрлі медальдармен марапатталған.

Жоғарғы Сот Кеңесінің арнайы грамотасымен, сот жүйесінің 2-ші дәрежелі, 1-ші дәрежелі үздігі және «Үш Би» төсбелгісімен марапатталған.

Қай жерде қызмет етсе де тәжірибелі төрағаның сот жұмысын жоғары деңгейде ұйымдастыра білгенін әріптестері мақтанышпен айтады.

Болатбек Әділханұлы жұртшылыққа судья ғана емес, сонымен қатар, ақын, композитор ретінде де танылды. ҚР Қорғаныс министрлігі мен «Қазақстан РТРК» АҚ-ның бірлесіп ұйымдастырған республикалық «Әскери әндер» радиофестивалінде оның «Сарбаздары Қазақтың», «Мәңгілік Ел» әндері «Үздік әскери ән», «Үздік композитор», «Үздік ақын» номинацияларын жеңіп алған. «Мәңгілік Ел» өлеңдер жинағын шығарған. Кеңес Одағы әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығуының 30 жылдығы мерекесіне орай, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында Алматы және Талдықорған қалалары мен Алакөлде «Мәңгілік Ел» шығармашылық ән кешін өткізген.

Футболдан, бильярдтан Қазақстан Республикасы Судьялар одағының спартакиадаларының чемпионы атанған. Отбасылы, алты бала тәрбиелеп-өсірген ардақты әке.



Болатбек ҚАТЫҚБАЕВ,
Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық
тергеу сотының төрағасы:

«МЕН ҮШІН ЕҢ ҮЛКЕН БАҒА – ХАЛЫҚТЫҢ ЫҚЫЛАС-ПЕЙІЛІ»

– Еліміздің ең ірі мегаполисі Алматыда ашылған тергеу сотының тұңғыш төрағасысыз, жаңа жұмысты бастауда қандай да бір қиындықтар болған шығар.

– Әрине, қандай істі бастаған кезде де қиындықсыз дүние болмайды ғой, сол сияқты біз де біраз ауыртпалықты бастан өткіздік. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу соты 2018 жылдың шілде айының 30-ында тұсауын кесіп жұмысын бастады. Төрағалыққа Алматы қалалық сотының сол кездегі төрағасы Нұрғазы Әбенұлының ұсынысымен, ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы Жақып Қажыманұлының қолдауымен келдім.

Тергеу сотының ғимараты Алматы қаласының Орбита-2 ықшам ауданында ор-

наласқан. Біз келгенде ғимараттың сапасы мүлде сын көтермейтін. Ғимаратты салғанда техникалық талаптар ескерілмей жасалған жертөлеге қар мен жаңбырдың суы толып қалатын, өйткені, іргетасы қалай болса солай құйылған. Негізі іргетастың айналасын ішке су кірмейтіндей етіп, сары топырақ салып нығыздау керек. Бірақ, оның орнына, қиыршық тас салып жаба салған. Соның кесірінен далада аққан судың бәрі іргетастағы тесіктер арқылы ішке кіріп тола берген.

Бізге дейін отырған соттардың төрағалары, сот әкімшілігі болсын барлығы жиналған суды насоспен сыртқа шығарып қана отырған. Содан, Алматы қаласының соттарын топтастырғанда, осы ғимаратта отырған соңғы МАҚС (СМУС) соты қуана кетіп, бұл

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ТЕРГЕУ СОТЫНЫҢ ҰЖЫМЫ

«Кадр бәрін шешеді» демекші, қай саланың болсын өсіп-өркендеуінде кадрлар рөлі ерекше. Осы жағынан алғанда Болатбек Қатықбаев басқарып отырған Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотын М.Джарылгасова, А.Байдаулетова, А.Абдухалыкова, Ж.Ақынов, С.Джаксылыков, С.Есенгельдиев, Э.Карибаев сияқты Қылмыстық процестік кодекстің 106-бабының талабына сай, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының, анықтаушылардың және прокурорлардың әрекеті мен әрекетсіздігіне берілген шағымдарды, сондай-ақ, ҚПК-нің 55-бабының талаптарына сай, берілген ұсыныстарды қарайтын Республикада тәжірибені қалыптастырып жүрген білікті де, білімді судьялары бар Алматы қаласының жетекші соттарының бірі әрі бірегейі деуге толық негіз бар.

ғимарат біраз жылдар апатты жағдайда бос тұрған екен. Ғимарат жертөлесіне 1 метрден астамға дейін су толып қалған. Бұған қоса жылу, жарық жүйелері сапасыз материалдардан жасалған, жоқ дегенде аптасына бір рет апаттық жағдай орын алып, жарық жиі өшіп қалатын еді.

Мұның зардабын тергеу сотының қызметкерлері мен сотқа келушілер көрді. Жертөлеге толған судың қысымынан құбырлар жарылып, одан шыққан сасық иіске шыдау мүмкін емес жағдайға жетті. Тіпті, конвоймен әкелген күдіктілерді жертөледе орналасқан конвойкаға кіргізе алмай, сыртта автозакта ұстап отыруға мәжбүр болдық. Өйткені, иістен бәрі қашатын. Сонымен қатар жылу жүйесі мүлде нашар болды, қыстай қосымша тоқпен жылытатын құрылғылар алып, әупірімдеп шықтық.

Тергеу сотының ғимараты екі жақта, яғни, біреуінде сот залдары, екіншісінде соттардың жұмыс кабинеттері орналасқан. Бір жағында іс қарайды, екінші жағына келіп жазады. Тергеу соттарының жұмыс тәртібі оңай емес, қысы-жазы, күн-түн демей жұмыс істейді. Судьялар мен хатшылар екі ғимарат ортасында жүріп, талай мәрте ауырып та қалды, онымен қоймай мантиямен жүрген судьяларды сөзге тартпақшы болған тараптар жағынан шабуыл да жасалды. Соның

кесірінен судьялардың үстінен «анаумен сөйлесіп қойды, мынаумен сөйлесіп қойды» деген небір шағымдар да түсті. Содан, мен өзіме артқан сенімді ақтау, айтылған мәселелерді шешу үшін жұмысқа бел шешіп кірістім.

Ең алдымен өз қаржымызға кабельдер сатып алып электр жүйесін түзедік. Бұдан соң өзімнің бизнестегі бауырымнан ақша алып жылу жүйесін жөндеттім. Соттың айналасын ұзақ жылдар бойы жиналып қалған қоқыстан тазарттық. 8 камаз қоқыс шықты, ауланы көгалдандыру жұмыстарын қарқынды жүргіздік. Сол кездегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің басшысы болып отырған Нұрсерік Шәріповке тікелей телефон шалып жағдайдың бәрін айтып, өтініш жасадым. Азамат екен бір аптаның ішінде қаражат тауып берді. Екі ғимарат жертөлелерінің айналасын қайтадан қазып, іші-сыртын жөндеуден өткіздік.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы Жақып Қажыманұлы тергеу соттарының төрағаларымен онлайн кездесу жасады. Сол кезде жоғарыдағы кемшіліктерді айтып, тағы екі штат беруді өтінген едім, рақмет, бірден қаржы да табылды, штат та берілді. Сөйтіп, екі ғимараттың ортасын қосатын үлкен коридор, кабинет, фронт-офис, сот қызметкерлеріне буфет те салын-





Марал ДЖАРИЛГАСОВА Алматы қаласының тергеу сотының кәсіби тәжірибесі мол, білімі терең судьясының бірі саналады. Марал Серікбайқызы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін бітірген соң заңгерлік білімі мен біліктілігін адвокатура саласында жетілдірген. Жаңадан тағайындалған судьялардың менторы ретінде, өзінің көп жылдық жинаған тәлім-тәжірибесін жастарға үйретуден жалықпайтын жаны жайсаң, абзал жан.

ды. Бұл менің өзіміз отырған ғимаратқа соттарға істеген үлкен еңбегім болды. Пандемия кезінде екі жылдай ешқандай жер жұмыс істемегенін білесіздер. Сол кездері тек біздің сот қана толыққанды жұмыс істеді. Қиынқыстау сәтте судьялар мен мамандар тамақ іздеп сабылған жоқ, буфетіміз жұмыс істеп тұрды, әмбе арзан. Осы орайда, Алматы қаласының Соттар әкімшісі Ержан Қожахметовке, әсіресе, Болат Жүкеновке үлкен алғысымды білдіргім келеді.

Екі ғимараттың ортасы қосылып әдемі болғанымен, ғимараттың өзіміз отырған екінші жағының бәрі ескі тозып кеткен еді. Бір күні Марал Серікбайқызы келіп, кабинетімнің есігін, еденін ауыстырсам, жалпы осы ғимаратқа да жөндеу жұмыстарын жүргізсек деген ұсыныс жасады. Содан қарап отырмай, Алматы қаласының әкімдеріне шығып, ғимаратты көрсетіп жөндеу жұмыстарын жасауға көмектесулерін сұрадым. Барлығына мың алғыс, мүмкіндіктерінше жәрдемдесті. Ғимараттың мұрағатынан бастап, есіктерін, еденін, әппақ қылып сылап, сыртқы брющаткасына дейін ауыстырып, толық кешенді түрде 35-36 миллион теңгеге жөндеу жұмыстарын жүргіздік. Осылайша Алматы қаласының тергеу соты, тек жұмыс жағынан ғана емес, ғимараты да көрікті, атына заты сай болып шыға келді.



– Халқымыз «Еленген еңбек өнімді» демей ме, дәл осы сот жұмысының жолға қойылуына сіңірген еңбегіңіз қаншалықты бағаланды?

– Біз өзімізді халық игілігіне қызмет етуге арнаған адамдармыз. Сондықтан, ешқандай марапат күтпеймін. Дегенмен, еңбектің еленгені жақсы. Жұртшылық бағалап, сотқа келгендер ризашылықтарын білдіріп жатыр. Мен үшін ең үлкен баға – халықтың ықылас-пейілі, ұжымымның маған деген ерекше құрметі.

– 25 жылдан бері сот төрелігін атқарып келесіз. Судьяларға қандай талап қоясыз?

– Егер топты қасқыр басқарса, бәрі қасқыр болады, арыстан басқарса, арыстан болады, ал, шибөрі басқарса бәрі соған ұқсап кетеді. Бұл менің өмірден түйгенім. Біздің сот судьяларының кәсіби шеберліктері де, білім-біліктері де жоғары. Ұжымым мықты, бәрі мені «әкеміз», «қамқоршымыз» деп сыйлайды, бұл мен үшін үлкен мақтаныш. Қателіктері болса қатаң қараймын, мәселенің бәрін өз арамызда шешеміз, ешқашан бір судьяға не бір маманға ұсыныс (представление) жазып көрмеппін. Қателікті кешіре білген дұрыс, сонда екінші рет қайталамайды. Өз қателіктерін өздері түзеуге мүмкіндік беремін.

Менің ұғымымда біреудің үстінен ұсыныс жазу ол адамды ашындырып, жүйкесіне, жұмыс мүмкіндігіне нұқсан келтіреді. Менің жұмыс тәсілім басқаларға қарағанда бөлектеу, керек болса судьяларды өзім қайрап аламын, бірақ, ешқашан ешбірін жауға бермеуге тырысамын. Негізінде төрағаның беделі өте жоғары болғаны дұрыс. 2011 жылы Жоғарғы Соттың төрағасы Мұсабек Тұрғынбекұлы «өстіп жүре бересің бе, жасың елуге келді, Әуезов ауданына төраға болып барасың» дегенінде, Алматы қаласының төрағасы болып отырған құрдасым, атын айтпай-ақ қояйын, «сен төраға болып істей алмайсың» деп көп кедергі жасап, әбден мазамды алып еді. Бірақ, өмір бәрін керісінше дәлелдеді.

Тергеу соты жұмысын бастаған кезде, әр судья әр жақтан келді, түскен шағымдарды қарағанда прокурордың, т.б. құжаттарын бұзудан кәдімгідей жасқанатын. «Несіне су-



Анина БАЙДАУЛЕТОВА Тараз қаласындағы Әулие-Ата университетінің түлегі. Сот саласындағы тәжірибесін Алматы қаласының әскери сот гарнизонында бастап, сот жұмысының қыр-сырын жетік меңгерген. Бұдан кейінгі еңбек жолын адвокаттық қызметпен байланыстырып, заңгер ретінде халыққа құқықтық тұрғыда көмек көрсеткен.

Анина Төлегенқызы 2012 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен Алматы қаласының Медеу аудандық сотының судьясы болып тағайындалды. 2018 жылдың шілде айынан бастап, Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының судьясы қызметін атқарып келеді.

дья болып отырсындар, қорқатын болсаңдар, онда арыздарыңды жазып басқа жұмысқа кетіңдер» – деп, ақыл-кеңесімді айтып, рухтандырып тәрбиелеуге, тергеу сотының маңызын ұғындыруға тырыстым. Бұл жәй сот емес, тергеу соты, сендерге бүкіл ел қарап отыр, қалалық сот, Жоғарғы Сот сенім артуда деген де кездерім болды.

Біздің соттың мемлекет, халық алдындағы жауапкершілігі мен маңызын түсіндіруден жалықпаймын. Бүгінде соның жемісін көріп отырмыз. Судьяларым 9-ротаның жауынгерлері сияқты, күн-түн демейді, таңды-таңға ұрып, абыроймен еңбек етіп жатыр. Ауғанстанда қалай қызмет етіп, қандай марапат-



Жанабил АҚЫНОВ ҚР ИМ Алматы жоғары мектебін бітіріп, құқық қорғау органдарында жұмыс істеген. 1998–2016 жылдар аралығында Түркістан мен Алматы облыстарында, сондай-ақ, Алматы қаласында, ҚР ИМ Тергеу және оперативті қызметтерінде басшылық қызметтерін атқарған. 2016 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен Алматы қаласының Наурызбай аудандық сотына судья болып тағайындалып, 2018 жылдың шілде айынан бастап, Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының судьясы қызметін атқарып келеді.

тарға ие болсам, олардың да сондай батыл болуларын талап етемін.

Мені армия шыңдады. Ауғанстандағы соғысқа ең бірінші болып кірген қазақ солдатымын. 1979 жылы арнайы жасақпен апарды. Алла тағаланың маған берген рухани күш-қайратының арқасында вертолеттен ең бірінші болып секірдім. Спортпен бала кезімнен айналысқанымның көп пайдасы тиді. Совет кезіндегі идеология ерекше болды ғой, «батыр болып қайтамын не қаламын» деген мақсатты нық ұстандым. Окопта жатып алмай, «адасқан оқты іздеп», басымды талай қатерге де тіктім.

– Тергеу соттарының құзыреті заңдық тұрғыда толық айқындалған ба әлде қандай да бір кемшін тұстар бар ма?

– Ең бірінші айтарым, тергеу сотына берілген өкілдік өте аз. Мысалы, біз Қылмыстық процестік кодекстің 106, 55-баптарымен іс қарағанымызбен, тергеу органдарына нұсқау бере алмаймыз. Істі дәрежелеуіне, яғни, квалификациясына араласпаймыз. ҚПК-нің 161-163-баптың 13-тармағы бойынша дүние-мүлікке тыйым саламыз. Бірақ, оны прокурордың келісімімен тергеуші шешеді. Сонымен қатар, ЕРДР, яғни, қылмыстық істі тіркеудің заңдылығын тексеруді және заңсыз болса оны бұзуды тергеу сотының құзырына беру керек деп санаймын. Бұл тек менің емес, осы сот судьяларының да пікірлері. Өйткені, тергеу сотында біз тергеу органдарының небір сорақы әрекеттерін көріп отырмыз. Егер мемлекетке әділдік, шындық керек болса осыған келу керек.

Қаншама адам аталған мәселемен арызданып келеді, бірақ, біз оған араласа алмаймыз, құқық шектеулі. Алматы қаласы аудандарының сотқа дейінгі тергеу органдары көп жағдайда болмайтын себептерді сылтау етіп тергеуді жылдар бойы созады. Ақыр аяғында жауапқа тарту мерзімі өтіп кетті деген желеумен қылмыстық істерді қысқартып тастайды немесе себепсіз созып отырады. Тергеушінің ұсынысымен азаматтардың мүлкіне тыйым саламыз. Алайда, шешуге құзырлы тергеуші оны бекерден-бекер босатқысы келмей, кәсіпкерді сыбайлас жемқорлыққа итермелейтін де жағдайлар болады. Сондықтан, тергеу соты салған тыйымды, тергеу сотының өзі шешу керек. Яғни, тергеу сотының құзыреті бұл мәселеде кеңейтілгені абзал.

– Осы жағдайда Қазақстанның тергеу сотына қай елдің тәжірибесін көбірек алып, пайдаланған дұрыс деп ойлайсыз?

– Дамыған елдер тәжірибесін сараладым десем өтірік болар. Білетінім, Францияда тергеу судьялары оқиға болған жерге шығып, бәрін өз көздерімен көреді. Заңдылық пен заңсыздықтың ара жігін ажыратады. Біздің заңда да осы тәртіп көзделсе, аудандық соттардың жұмысын едәуір жеңілдетер едік. Тергеу соттарының құзырына – тыйым салуды, квалификацияны, одан кейін айғақ заттардың тағдырын шешуді берген жөн. Қарахалықтың қамы үшін осындай қадамдарға

бару қажет. Ертелі-кеш түбінде осыған келетінімізге күмәнім жоқ.

Мұны айтып отырғаным, 2000 жылдардың басында мен Түркісіб ауданында судья болып жүргенде азаматтық істерімнің 60 пайыздан астамын бітімгершілік келісіммен бітірдім. Сол үшін мені қалалық сотқа шақырып пленарлық жиналыста талқыға салды. Ескерту берді. Енді міне, 15-16 жылдан кейін заман, заң, сондай-ақ, талап өзгеріп осы бағытта медиациялық институт жұмыс істеп жатыр.

Тағы бір айтарым, тергеу сотының сот актілері Алматы қалалық апелляциялық алқасында қаралады, одан әрі бармайды. Сондықтан, Жоғарғы Сотқа ұсыныс бермек ойымыз бар, мәселен, қылмыстық іс өндірісінде қысқартылған істердің нүктесін міндетті түрде жоғары сатыдағы сот қою керек деп санаймыз. Өйткені, «Қазаншының еркі бар қайдан құлақ шығарса» деген дұрыс емес. Қай саты болсын әрбір екі немесе бес жылда тергеу соты мен апелляция қаулыларының заңдылығын тексеріп тұрғаны дұрыс. Мұндай қадам әрбір судьяны қаулы шығарып, қол қояр алдында ойландырып қана қоймайды, сонымен қатар, оған заңды дұрыс қолданып немесе бұзып отырғанын саралауға мүмкіндік береді. Әрі тәртіпке шақырып, жауапкершілікті арттырады. Ал, аудандық сот судьялары заңсыз бұзылған актілерін даулап, ешқайда айта алмайды.

– Соттарға төраға керегі жоқ деген де пікірлер бар бұған қалай қарайсыз?

– Мұндай пікірлерге үзілді-кесілді қарсымын. Меніңше, сотқа төрағалар мен судьялар сайлау арқылы келгені дұрыс. Төраға болуы беделі аса жоғары, ісі әділ, өзгелерге үлгі бола алатын адам сайлануы керек. Өйткені, үйдің бас иесі отағасы болса, төраға да сол сияқты, өзі басқарып отырған ұжымның басшысы. Төрағалыққа жастар келіп жатыр, үлгі тұтарлық істері немесе қасиеттері, ұйымдастырушылық қарым-қабілеттері жоқ. Сөйте тұра басқаларға ақыл айтып, талап қояды. Абай атамыз 7-ші қара сөзінде «Адам білімді біртіндеп меңгермесе, адамның жаны хайуанға айналады» деген. Сондықтан, тек терең біліммен ешқайда бара алмайсың, оның серігі болып ақыл-ой, имандылық, сабыр-



Алма АБДУХАЛИКОВА ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін тәмамдаған жоғары білімді заңгер. Ол өзінің заңгерлік еңбек жолын қорғаушының көмекшісі болып бастаған. Бұдан соң Астана қаласы, Ақмола облысы соттар аппаратында еңбек етті. 2015 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының судьялығына тағайындалған. 2018 жылдың шілде айынан бастап, Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының судьясы қызметін атқарып келеді.

лық, терең тәрбие тұруы керек. Ал, төраға болу үшін әкесінің беделі емес, өзінің жеке басының биіктігі мен тереңдігі қатар жүру керек. Өкінішке қарай, жең ішінен қол жалғап озып жүрген әріптестер жетіп жатыр. Бірақ, олардың қандай биікке шығып, кімнің қамын күйттеп жүргендерін бір құдай біледі.

– Тағайындалуға қарағанда сайланудың қандай артықшылығы бар?

– Сайланған судьяда тәуелсіздік, әділдік болады. Сайлау арқылы жеңген адам өзінің бағасын біледі. Жастарға айтарым, атың озып келсе атағың үшін, ақылың озып келсе халқың үшін. Яғни, әкесінің, т.б. арқасында билікке қолы жетсе, билікті қара басының қамы үшін ғана пайдаланады. Төле би бабамыздың

Қой асығы демендер,

Қолыңа жақса, сақа қой.



Сырым ДЖАКСЫЛЫКОВ Қазақ Гуманитарлық заң университетінің түлегі. Сонымен қатар, ол М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің магистратурасын бітірген. Нотариустың көмекшісі болған. Сондай-ақ, Шымкент қаласының прокуратура органдарында қызмет атқарған. 2018 жылдың қазан айынан бастап, Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының судьясы қызметін атқарып келеді.

*Жасы кіші демендер,
Ақылы асса, аға ғой,*

деген даналық сөзіне жүгінсек, ақыл-ойы озып тұрса құба-құп, басқарсын.

Тағы бір айтарлығы, басшыларға «анау жоқ, мынау жоқ немесе бәрін қатырып жатырмыз» деп қағаз жазумен ғана шектелуге болмайды. Олар ұжымға әрдайым қамқорлық танытып, қызметкерлердің алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай жасауға міндетті. Мұндай әрекеттер жақсы басшының ұйымдастыру қабілетінің жоғары дәрежесін көрсетеді. Жақсы басшының қасиеті қарауындағы судьялары, қызметкерлері оның тілеуін тілеп, төрағамен бірге ауырып, бірге жазылуынан көрінеді. Ал, нашар басшының тезірек кетуін тілеп, сыртынан небір ғайбат сөздер өрбітеді.

Мен өзімнің ісіммен мақтанамын. Соғыста

болғанымды, мектеп-интернатта оқығанымды, жетім қалып жетілгенімді, ақындығымды, композиторлығымды айтамын. Тарихты көп оқимын. Абайды жылына бір рет оқысам көңілім көншімейді. Сот жүйесіндегі барлық марапатты алдым, алғанда адалынан алдым. Әртүрлі себептермен жұмысқа жарты сағат кешігіп қалсам, судьяларым телефон шалып, «сізге не боп қалды, ауырып қалған жоқсыз ба?» деп уайымдайды. Себебі, мен таңғы сағат 7:30 жұмыста отырамын. Халқымыз «Ерте тұрған жігіттің ырысы артық» демей ме, осы ұғым менің санамда мәңгі қалыптасқан. Тік мінезді, бетке айтатын адамның ешкімге жақпайтыны белгілі. Жақсы-жаманды қызмет еттік. Бұл күніме еш өкінбеймін. Қанша мықты судья болсаң да тарихта қалмайсың.

– Әріптес ағаларыңыздың арасында өзіңізге кімді үлгі тұтасыз?

– Негізгі жақын араласып көрмесем де облыс, Жоғарғы Сот төрағаларының ішінен өзіме Қайрат Әбдіразақұлы, Мұсабек Тұрғынбекұлы, әсіресе, Серік Кәтенұлы секілді ағаларымның біліктілігі мен пайым-парасатын, іскерліктерін, адамды жақсы көру сияқты қасиеттерін үлгі тұтамын. Бір қоғамда өмір сүріп жатқандықтан, кімнің не істегені тайға таңба басқандай боп көрініп тұрады.

– Сіздің ұғымыңыздағы шындық?

– Шындық деген тек қана сен шығарған әділ шешім емес. Сенің өмірдегі тікелей ұстанымың, жаратылысың, табиғатың. Мен солай ойлаймын. Бір істе әділ болғанымен, екінші бір істе тайғақтап отыратындар бар. Әділсің бе басың кетсе де соңына дейін сол қағиданы ұстан. Әйтпесе қай жағының салмағы ауыр солай қарай ауып отырған дұрыс емес. Біреудің көз жасына қалуға болмайды.

– Өмірде қатты қорыққан сәтіңіз есіңізде ме?

– Әскерде алдыңғы шепте жүретін арнайы топ «дозорная группада» төрт адамның бірі болдым. Файзабат провинциясында кезекті операцияда жүргенбіз, негізгі рота артымызда 500 метрдей қашықтықта келе жатқан. Өйткені, біз алда құрылған тосқауыл болса, қауіп-қатерді бірінші болып қабылдайтынбыз. Бір уақытта алдымыздан дұшмандар

шыға келіп, атыс басталып кетті, маневр жасап, оңға-солға секіріп жатқан жерімізді ауыстырып жүріп, қалай алдыға кетіп қалғанымды білмеймін, бір уақытта төбемнен біреудің көзі өткендей болды. Жоғары қарасам 30-35 метр биіктікте мылтық кезенген дұшман мені көздеп тұр. Қимылдасам басып салмақшы, мен сасқанымнан автоматты алдыма лақтырып жіберіп, боксерлерше екі қолыммен басымды жауып жата қалдым. Сол кезде бүкіл өмірім көз алдымнан өтті, сондағы бар ойым – оқ бетімді бұзбаса болды.

Көз алдыма шешемнің «әкем, сарбасым, сарбасым» деген дауысы келіп, елестей берді. Тәнімді табытқа салып алып барса, шешем міндетті түрде оны аштырады, сонда танымай қалмасын деген ой болды. Менің бағыма ол дұшман мылтығының шүріппесін баспады, сол кезде тарылдап атылған пулеметтің дауысы шығып, гүрс етіп құлаған дауыс естілді. Сөйтсем артымдағы қалтарыста келе жатқан шуваш жігіті менің автоматты жерге тастап, басымды жапқан сәтімді көріп, қауіп төнгенін бірден түсініпті. Отыра қалып дүрбімен қарағанында, әлгі дұшманды байқап, соңғы оғы қалғанша шүріппені басқан екен. Солай бір ажалдан қалдым. Артымыздан келген взвод командирі мені құшақтап «Қатықбаев сен көйлекпен туылған екенсің, дұрыс істедің, басыңды көтергеніңде өлетін едің» деді.

Бұл оқиға маған өте терең әсер етті, осыдан кейін өмірге деген көзқарасым, мінезім бір сәтте өзгеріп кетті. Өтірік айтпау, өмірге не үшін келдің, кім үшін еңбек етуің керек, қатты ойландым. Соғыс мені қайсарлыққа үйретті. Әскердегі аштықты ешқашан да ұмытпаймын. Айлап тамақ ішпеген кездеріміз болды.

– Шығармашылыққа жақын адамсыз, неге сот саласын таңдадыңыз?

– Бір жағынан қарасаң өмір жәй бір ағып жатқан өзен сияқты, ал, терең үңілсең тігісімен, жығысы бір-бірімен келмейтін бір ерекше құбылыс. Қай жерде қырандай ұшып биікке шығасың, қай жерде сағың сынып бұғасың бір Алла біледі. Сот болу он үш жасымнан армандаған мамандығым, соның жолына барлық ақыл-ой жігерімді салып жет-



Эрнар КАРИБАЕВ *эл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін бітірген. Еңбек жолын Алматы қаласы мен Алматы облысы соттарының аппаратында бастаған. 2017 жылы Алматы қаласы Жетісу ауданының №2 аудандық сотына судьялыққа тағайындалып, 2020 жылдан бастап, Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотында судья қызмет атқарып келеді.*

тім. Әрине, егерде бала кезімде бойымдағы барлық қасиетімді танып-білгенде не ақын-жазушы, не композитор, тіпті, спортсмен болар ма едім, кім білсін. Бірақ, еш өкінбеймін!

Мені осы салада жүріп ойландырған дүние, қараңызшы электриктің, медсестраның, полиция, прокуратура бәрінің арнайы күні, яғни, төл мерекесі бар, бірақ, мұндай күн тек соттарда жоқ. Соны айтып жүріп соттардың әнұранын он жыл бұрын жаздым, алайда, жоғарғы жақ тыңдамады, қарамады, керек етпеді немесе сараптан өткізіп жарамайды демеді.

Ал өзімнің өнеріме келгенде былай деп бағаладым:

Келгенде елу бірге өлең жаздым,

Ұқсатып қиқуына аққу-қаздың.

Бірі ұқсап, бірі шала жатыр,

Жетілмеген қайратындай бала батыр,
– деп.



Сардар ЕСЕНГЕЛЬДИЕВ 2009 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Қызметінің Академиясын бітірген. Ұлттық қауіпсіздік органдарында жедел және тергеу басқармаларында қызмет атқарған. Сардар Әлімқұлұлы Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотында 2020 жылдан бері судья қызметін атқарып келеді.

Шығармашылыққа 51 жасымда бет алдым. Бірақ, жазуға бала кезімнен құмар болдым. Біреу сенер, мүмкін сенбес Абай атам аян берді. «Қазан қаласынан шыққан кітабым еді. Мен де өлеңді кеш жаздым, Ал, жаз» деп кітабын қолыма ұстатты. Еңбек демалысына шығуға дайындалып жүр едім. Шыға сала Қарауыл, Жидебайға Абай атамыздың басына барып, тәу етіп қайттым. Содан бері үзбей барып тұрамын, қырықтан астам ән жаздым, мәтіні де өзімдікі. Мен негізінде патриоттық сарында жазамын, кейінгі кезде лирикаға да бет бұрып жүрмін.

– Алдағы уақытта шығармашылық кешіңізді ұйымдастыруды ниет етіп отырсыз, мұндағы мақсатыңыз не?

– Жоғарыда айтып кеттім ғой, Қазақстанда бірінші рет 24 маусым – судья және сот қызметкерлерінің күні болып бекітілді. Бұл, әрине, соттар үшін үлкен мәртебе. Сот саласында жұмыс істеп жүрген азаматтардың кейбірі ескеріледі, енді бірі ұмыт қалады әртүрлі жағдайлар бар. Осы күні олардың

еңбегі елеусіз қалмай ескерілуі тиіс деп ойлаймын.

Мен Қазақ билерінің, Ауғанстан соғыс ардагерлерінің әнұранын жаздым, ондағы мақсатым жастардың патриоттық рухтарын көтеріп, оларды Отан сүйгіштік сезімде тәрбиелеу. Сондықтан, Алматы қаласы Мәдениет басқармасының қолдауымен Республика сарайында шығармашылық кеш ұйымдастырып, соттардың алғашқы мерекесін атап өтсем деп ниеттеніп отырмын. Менің тақырыбым – Мәңгілік ел. Мысалы, «Мәңгілік ел», «Мәңгілік ел тұғыры», «Сарбаздары қазақтың», т.б. әндерім республикалық сайыстарда жеңімпаз болды.

– Ата-анаңыз жайлы да айтып өтсеңіз.

– Атам Қатықбай, әкем Әділхан өте ауқатты адамдар болған. Сонау 1931–1945 жылдары, қиын-қыстау кезеңде ауылдағы елді аштықтан аман алып қалған екен. Бұл туралы үлкендердің аузынан талай естідім. Әжем күн сайын ботқа пісіріп, оны біздің үйдің айналасына жиналған адамдарға атам Қатықбай өз қолымен әркімнің бойына, денесіне қарап салып беріп отырады екен. Ал, шешемнің әкесі Қасқырбай ауылнай болып, ел басқарған кісі. Бірақ, ең алғашқылардың бірі болып, халық жауы ретінде 1928 жылы атылып кетіпті. Кейін ақталды.

Шешем өте адуынды, ақылды, ақын жанды болды. Өлеңді керемет айтатын, тойларда жиі айтысқа түсетін. Байдың қызы, байдың келіні көргені, ұстағаны бар өресі терең, не нәрсені де алдын ала болжап отыратын қасиеті бар еді. Бізді батырлар жырымен тәрбиеледі. Ол кісі жыр оқығанда бүкіл ауыл келіп тыңдайтын. Әкеміз өмірден ерте кетті. Он баланы шешем жалғыз өзі тәрбиелеп-өсірді. Анамның темірдей тәртібі мен тәлімінің арқасында адам болдық. Өмірімде арақ ішіп, темекі тартып көрген емеспін. Ауғанстанда наркотик, гашиш деген үйіліп жататын. Соларды қолыма бір ұстамай кеттім. Мұны анамның мықты тәрбиесі және анаға деген мендегі құрметтің нәтижесі деп бағалаймын.

– Өзіңіз басқарып отырған соттың жалпы жұмыс жағдайына тоқталсаңыз, кадр жетіспеушілігі бар ма?

– Қазақстан Республикасында сот ре-

формасының негізгі бағытының бірі – «Сот төрелігінің жеті түйіні» атты тұжырымдамасын іске асырудың маңызды бір саласы қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында заңдылықты қадағалау үшін сот бақылауының жаңа институтын құру болып табылды. Осы тапсырманы жүзеге асыру жолында Қазақстан Республикасы Президентінің 10 қаңтар 2018 жылғы № 620 Жарлығымен Республикада мамандандырылған тергеу соттары құрылды.

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының штатында 9 судья, қазіргі күні 8 судья қызмет атқарады, бір судьяның орны бос, 18 мемлекеттік қызметкер қарастырылса, 14 қызметкер жұмыс істейді, олардың 9-ы бас маман сот отырысы-

тері мен бұлтартпау шараларын санкциялау, шұғыл қарау немесе қысқа уақытта қарауды талап етеді. Алматы мегаполис екенін ескере отырып, осы жерде шоғырланған құқық қорғау, қазыналық органдарының, прокуратура органдарының үлкен санды, резонансты істері қаралады. Осыған орай, сотқа келіп түсетін құжаттар 18.00-18.30-дан судьялармен келесі сегіз сағат ішінде, яғни, 23 сағатқа дейін қаралады. Соттың тоқтаусыз жұмыс тәртіптемесін қамтамасыз ету үшін әр судьяға күндізгі және түнгі уақытта жүктемені біркелкі етіп бөлу тәртібі бекітілген. Сондықтан, тергеу сотының жұмыс жүйесінің талабына сай, сағат 18.30-дан кейін түнгі сағат 24.00-ге дейін екінші ауысым, яғни, түнгі сот қарау тәртібін енгізуді қажет етеді.



ның хатшысы, 2-еуі бас маман, 1-еуі жетекші маман, 3 орын вакансия.

Мамандандырылған ауданаралық тергеу соты осы уақыт ішінде сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында сот бақылауын жүзеге асыру барысында қылмыстық істің орбитасына кірген азаматтардың, яғни, күдікті, қорғануға құқығы бар куә, жәбірленушілердің бұзылған құқықтарын заң талабына сай, қорғауды жоғары дәрежеде іске асырып келеді.

Сот бақылауы мәселелерінің әрекет етіп отырған заңнамасымен – тергеу әрекет-

Егер де статистикаға сүйенетін болсақ, тергеу сотының жүктемесі жылдан-жылға бірнеше есе артып отыр. Тергеу судьясының айлық, жылдық нормасы түбейгейлі анықталмаса да, Алматы қаласының тергеу сотына қосымша тағы екі судья штатын беріп, жүктемені жеңілдетпесе олардың жұмыс сапасына әсер етіп, кері ықпал етуде.

– Әңгімеңізге үлкен рақмет.

**Сұхбаттасқан
Т.СМАҒҰЛҚЫЗЫ**

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ, НҰРЫ ТАСЫСЫН

Елорданың сот жүйесінде жұмыс істеді мақсат тұтып, 2007 жылдың желтоқсан айында Астана қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының хатшысы болып жұмысқа орналастым. Сол кезде Досжан Сарманқұлұлы осы алқаның төрағасы болатын. Ол кісінің елордамыздың төрінде сот саласының жұмысын жандандырып еселі еңбек етіп жүрген кезі еді. Осы бір ізгі жанның ұжымдағы өнегелі ісі, көңілінің адалдығы, қарапайым мінезі мен еңбектегі іскерлігі мен үшін үлгі тұтарлықтай болды. Сол сәттен бастап біріміз аға, біріміз іні болып қоян-қолтық қызмет атқардық.



Жандос ЖЕТІБАЕВ,
Нұр-Сұлтан қаласының
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының төрағасы

Досжан Сарманқұлұлы Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарының сот жүйесінде басшылық қызметтерді абыройлы атқарды. Сол кездері жинаған мол тәжірибесін бізге үйретіп, үнемі қамқорлық танытты.

Досжан ағамыз қазақ тілінің нағыз жанашыры, тек тілдің ғана емес ұлттың жанашыры. Ағаның «Қоғамға қызмет ету – міндетің, ал ұлт болашағына қызмет ету – парызың. Бұл екеуі ажырағысыз ұғымдар. Білгір маман, іскер басшы болумен қатар, ұлтжанды азамат болу парызы. Қазақтың деген қаны бар әр жүректе ұлтжандылық алауы үздіксіз лапылдап тұрғанда ғана тіліміздің де, еліміздің де бағы жанбақ» деген сөзі әрбір адамға үлгі.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демей ме дана халқымыз. Бабаларымыздан өсиет болып жеткен осынау сөздің әрқашан да әділдікті ардақтар ұлтжанды азамат, адал еңбегімен ел құрметіне бөленіп жүрген Досжан

Сарманқұлұлы сынды ағаларымызға арналғаны анық.

Сот төрелігін әділ атқарып, халық сеніміне селкеу түсірмеуді өмірлік мақсатына айналдырған осындай үлгілі судьялардың арқасында жүйе жұмысы жанданып, ісіміз алға басуда. Досжан ағамен қызметтес болып, бірге жұмыс істеу мен үшін үлкен мәртебе.

Баршаға белгілі, сот саласында қызмет атқару оңай шаруа емес. Оның үстіне, қара қылды қақ жарып билік айтатын судьяларға жәрдемші болып, сот төрелігін іске асыруға өз үлесінді қосу үлкен сын әрі шексіз жауапкершілік. Әлі есімде, сол кезде алқабилердің тізімін жергілікті атқарушы органдар сотқа дайындап беретін. Біз болсақ сотқа жіберілген алқабилерге үміткерлердің тізімін компьютерге енгізіп, қылмыстық іс бойынша таңдау жасауға дайындап қоятынбыз.

Қателеспесем, 2008 жылдың басы болатын,

қалалық әкімдіктің бір қызметкері сотқа алқабилікке үміткерлердің тізімін берді. Сонда Досжан Сарманқұлұлы мені шақырып алып, үміткерлерді компьютерге енгізуде абай болуымды, тізімдегі кісілерді мұқият тексеріп, олардың заң талабына сай алқаби бола алатынына көз жеткізу қажеттігін ескертті. Сол сәтте мен тізімді жергілікті атқарушы орган қызметкерінің жіті тексеруінен өткенін, ол бойынша ешқандай мәселе туындамайтынын айттым. Алайда, Досжан Сарманқұлұлы сонда да қайта тексеріп шығуымды тапсырды.

Ағаның сол кеңесі маған өмірлік сабақ болды. Себебі, алқабилерге үміткерлердің тізімін компьютерге енгізбей жатып, оларды арнайы тексеруден өткізу жұмыстарын жүргізген кезде сегіз үміткердің бұрын сотталғаны анықталды. Әлі күнге дейін ойымнан кетпейді, қылмыстық іс бойынша сотталушының қалауымен компьютерге алқабилер құрамына сотталған адамдар таңдалған жағдайда не болар еді?

Бүгінгі таңда Досжан Сарманқұлұлының бастамасымен Ақмола облысында жүргізілген жұмыстар саналуан. Солардың бірі ретінде халық арасында туындаған дау-дамайды «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында сотқа жеткізбей шешу мәселесін ерекше атауға болады. Осы бағытта арнайы «Билер кеңесі» құрылды. Бұл кеңес ата дәстүрімізді жаңғыртты әрі адамдардың бір-біріне деген құрмет сезімін сақтауға зор септігін тигізді. Дауларды сотқа жеткізбей тараптардың бір-бірімен келісуінің арқасында шешу сот органдарының жұмысын одан әрі жеңілдетті.

Өз ісінің кәсіби шебері, нағыз тәжірибелі судья сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту жолында да аянбай еңбек етіп келеді. Әсіресе, сот актілерін қазақ тілінде әзірлеуге сіңірген еңбегі орасан. Оның нәтижесін судьялардың сот процестерін қазақ тілінде жүргізуге айрықша ден қоюынан көруге болады. Қазіргі таңда облысымыздың сот жүйесінде мемлекеттік тілді қолдану деңгейі отыз пайызға артты. Мұндай нәтижеге жетуімізде, әрине, Досжан ағаның үлесі зор.

Бүгінгі заманның жоғары талаптары әр азаматқа ауқымды әрі аса жауапты міндеттер жүктейді. Осы ретте халыққа қашан да етене жақын сот жүйесін дамыту мен жетілдіру жолында талай жылдар бойы аянбай еңбек етіп келе жатқан Досжан Сарманқұлұлының алар орны ерекше. Оның байыптылығы мен іскерлігі, кәсіби шеберлігі мен жоғары біліктілігі, әлдеқашан танымал болған білгірлігі баршамыз үшін үлгі.



Сот жүйесі ардагерінің осы саладағы білімділігі, тәжірибесі, адал еңбегі оның адами қасиетін қашан да ерекшелеп тұрады.

Досжан аға қоғамдық жұмыстар мен спорттық шараларда да белсенді. Бұл кісі, әсіресе, бұқаралық ақпарат құралдарымен өте тығыз байланыста жұмыс істейді. Ел заңдарындағы өзгерістер, т.б. сала жұмысына қатысты барлық мәселеде өзіндік айтар ой-пікірлерімен бөлісу, азаматтардың құқықтық сауатын көтеру де бір сәт шет қалған емес.

Сот жүйесінде ұзақ жылдар аянбай еңбек етіп, ауқымды істер атқарған ағамыз талай жастың тәлімгері бола білді. Жастарға осы бір маңызды саланың қыр-сырын үйретуден ешқашан жалыққан емес. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, бұл кісінің тәлім-тәрбиесін алып, қамқорлығына бөленгендер еліміздің сот саласын жандандыруға үлес қосып жүр.

Досжан Әміров бекзат болмысы, айрықша ұстанымы арқылы жұртшылыққа жақсы таныс. Сот саласының майталманын бірге қызмет етіп келе жатқан үзеңгілес әріптестері үлкен абырой-беделге ие болған тәжірибелі басшы, жүйе жұмысына еңбегі сіңген ардақты азамат ретінде құрмет тұтып сыйлайды.

Бұл кісіні өз басым еңбек жолымдағы тәлімгер-ұстазым әрі әріптес ағам ретінде ерекше мақтан тұтамын. Біздің Сізден әлі де үйренеріміз көп. Әрбір ісіңіз үлгі-өнеге. Абыройыңыз арта берсін абзал аға.

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖҮЙЕ ЖҰМЫСЫН ЖАНДАНДЫРДЫ



Е. БАҚЫТЖАН,
Бірғыз аудандық сотының төрағасы

Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейханов айтқандай, «Заң – адам пайдасына жазылады, адам – заң үшін тумайды ғой». Өйткені, мемлекетті мемлекет ететін – заң, ал, мемлекеттің басты қазынасы – адам. Мұны айтып отырғанымыз, заңның мүлтіксіз орындалуын қадағалау, сондай-ақ, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін заңсыздықтан қорғау міндеті сотқа жүктелген. Сондықтан, тәуелсіз елімізбен бірге дамыған сот жүйесіндегі жүйелі өзгерістер, ең алдымен, сотқа қолжетімділікті қамтамасыз етіп, кез келген адамның өз құқығын сот арқылы қорғау мүмкіндігін арттыруды көздейді. Бұл бағытта көптеген жұмыстар атқарылуда.

Қазақстанда соттар тәуелсіздігі Конституциямен айқындалған. Осы талапқа сай, соттың жұмысына ешкімнің араласуына, сондай-ақ, ықпал етуіне заңмен тыйым салынды. Азаматтардың Конституция кепілдік беретін сот арқылы қорғалу құқығын жүзеге асыру процесі барынша оңтайландырылып жатыр. Солардың бастысы ретінде үш сатылы сот жүйесін атауға болады. Халықаралық стандарттарға толығымен сай келетін бұл жүйе сот процестерінің созбалаңға салынуының алдын алады.

Сот қызметінің тиімділігін арттыруда заманауи жетістіктерді оңтайлы пайдаланудың маңызы зор. Мысалы, озық технологияларды

жүйе жұмысына дендеп ендіру сот төрелігін ашық әрі қолжетімді етудің бірден-бір тиімді тәсілі екенін дәлелдеді.

Бес институционалдық реформаны жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадам: Ұлт жоспарының» аясында соттардың тәуелсіздігі күшейтіліп, судьяларды іріктеу процесі жетілдірілді.

Қазақстан соттарының жұмысына «Сот төрелігінің жеті түйіні» бағдарламасы тың серпін бергенін айрықша атаған жөн. Мәселен, осы бағдарлама аясында жүзеге асырылған «Мінсіз судья», «Үлгілі сот», «Әділ процесс», «Сапалы нәтиже», «Smart-сот», «Коммуникациялық стратегия» және «Сотқа

дейін, сотта татуластыру» жобалары сала қызметін түбегейлі өзгертті. Бұған қоса кәсіби бағалаудың жаңа стандарттары кәсіби сот корпусын жасақтауға жол ашты. Жоғарғы Сот бастамасымен енгізілген «Түнгі сот», «Отбасылық сот», «Бітімгер-судья», «Татуластыру орталықтары», соттардағы фронт-кеңселер сияқты бірқатар пилоттық жобалар халық тарапынан жоғары қолдауға ие болды.

Бүгінде сот өндірісі толығымен электронды жүйеге көшірілген. Сотқа жүгінушілерге қажетті барлық қызмет «бір терезе» қағидаты арқылы жедел әрі сапалы көрсетіледі. Сот отырысының залдары ақпараттық-коммуникациялық технологияның соңғы үлгілерімен жабдықталған. Бірыңғай сот практикасы жолға қойылып, судьялар жұмысы оңтайландырылды, сондай-ақ, басы артық сот процедуралары жойылды. Бұл тұрғыда сот актілерінің жаңа форматы енгізілді. Қазіргі күні әлеуметтік желілер арқылы соттар мен қоғам арасында диалог орнағанына көпшілік куә.

Қазақстан соттарының әлемдік пандемия кезінде де жұмысын тоқтатпауы даму жолының айқын екенін көрсетеді. Қиын-қыстау шақта да соттар ақпараттық жүйелердің мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, халыққа онлайн тәртіпте қызмет көрсетті. Жоғарыда айтқандай, сотқа қолжетімділікті қамтамасыз етуде «Сот кабинетінің» орны бөлек. Аталған қызметтің мобильді нұсқасы да бар. Бұл сервис сот өндірісін жеңілдетумен бірге саладағы ашықтықты қамтамасыз етті.

Қазіргі таңда соттарға «Судьяның интеллектуалды көмекшісі», «Сандық сот сараптамасы», «Сот өндірісін роботтандыру», «Жасанды интеллектті енгізу» сынды, т.б. қызметтер қарқынды түрде енгізілуде. Мәселен, «Сандық сот сараптамасының» бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастыруда маңызы зор. Себебі, бұл сервис бізге сот өндірісіндегі кез келген іс бойынша сот тәжірибесін жинақтауға жол ашты. Ал, робот судья қарауынсыз шешілетін даусыз істерде сот актілерінің жобаларын дайындауға көмектеседі. Бірақ, шешімге судья қол қояды, сондықтан, мұнда конституциялық талаптар бұзылмайды. Жүйе жұмысында жасанды интеллектті қолдану сот төрелігінің тиімділігі мен сапасын одан әрі арттыруда тиімді тетік болды. Қарапайым тілде түсіндіргенде жасанды интеллект процеске қатысушылардың құқығын

сапалы қорғауды және сот тәжірибесін біріздендіруді қамтамасыз ететін қосымша құрал. Мұндай процедуралар өз кезегінде азаматтардың конституциялық құқықтарының әділ қорғалуына кепілдік етеді.

Егемендік алғалы Қазақстан судьяларының сегіз съезі өтсе, бұлардың әрбірі алдағы атқарылар міндеттерді айқындап қана отырмай, соттар жұмысының жаңа белеске көтерілуіне айрықша ықпал етті. Осы жылдары судьялыққа тағайындау процесінің ашықтығы толықтай қамтамасыз етіліп, үміткерлер тізімін БАҚ-тарда жариялау қалыпты үрдіске айналды. Көптеген заң актілері, Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Азаматтық, Азаматтық-процестік, сонымен қатар, Еңбек кодекстері және басқа да қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамалар қабылданды. Сот жасауылдары және жеке сот орындаушылар институттары іске кірісіп, сот шешімдерін орындаудың жаңа жүйесі пайда болды.

Қазақстанның Судьялар одағы «Халықаралық Орта Азия судьяларының қауымдастығы» мен «Халықаралық заңгерлер одағына» кіріп, «Халықаралық судьялар ассоциациясына» толыққанды мүше болуы Қазақстан азаматтарының құқықтарын сот арқылы қорғаудың халықаралық стандарттармен үндестіріле дамуының жарқын көрінісі.

Халықтың сотқа деген сенімінің нық қалыптасуы олардың заң үстемдігі мен әлеуметтік әділдікті қамтамасыз етумен тікелей байланысты. Сондықтан, сот әділдігі, судьялардың кәсіби деңгейін көтеру, олардың ешкімге тәуелді болмауы, т.б. жөніндегі жұмыстар үздіксіз жалғаса береді.

Осы тұста айта кетерлігі, Қазақстанның мереке күндерінің күнтізбесіне биылдан бастап 24 маусым – Судья және сот қызметкерлерінің күні болып енгізілді. Кәсіби мерекенің Қазақстан соттарының беделін одан әрі арттырамыз анық.

Қорыта айтқанда, сот саласы биік белестерді елдің өсіп-өркендеуімен бірге бағындырды. Барлық реформаның негізі адам игілігіне, яғни, азаматтарымыздың тұрмыс сапасы мен қауіпсіздігіне бағытталуда. Себебі, сот жүйесінің тиімділігі заң үстемдігінің берік орнығуының кепілі.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

МЕРЕКЕНІҢ БЕЛГІЛЕНУІНЕ БІЗДІҢ ДЕ ҮЛЕСІМІЗ БАР



Ыбырай қажы МӘТІБАЕВ,
экс судья,
Қазақстан Республикасы
Прокуратурасының Құрметті
қызметкері

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты еліміздегі мереке күндерінің тізбесіне өзгерістер енгізу туралы жобасын дайындап, Үкіметке жолдаған болатын. Үкімет басшысы Әлихан Смайылов аталған жобаны толықтай мақұлдап, өзінің 2022 жылғы 31 наурыздағы тиісті қаулысымен бекітті. Яғни, аталған қаулыға сай: «Мереке күндерінің тізбесі 13-1-тармақпен толықтырылып, ағымдағы жылда «24 маусымы – Судья және сот қызметкерлері күні» – деп тайға таңба басқандай белгіленді.

Жоғарғы Соттың түсіндірме хатында айтылғандай, 24 маусымды «Судья және сот қызметкерлері күні» кәсіби мерекесі деп белгілеу кездейсоқтық емес. 1992 жылы дәл осы күні Тәуелсіздіктің алғашқы

күнінен бастап, қолданыста болған «Қазақ КСР-нің сот жүйесі туралы» заңға тек соттың сот төрелігін жүзеге асыруы туралы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Сонымен қатар, онда Республика соттары бо-

лып: «Жоғарғы Сот пен жергілікті соттар (облыстық, қалалық, аудандық), сонымен бірге Әскери соттар» көрсетілген. Аталмыш Үкімет қаулысында, сот және сот қызметкерлері күні Конституциялық негіздерді дамытуға, заңдылықты қамтамасыз етуге, жеке адамның құқығы мен заңды мүддесін қорғауға қосқан үлесі үшін сот қызметкерлеріне құрмет ретінде ұсынылғаны ерекше атап көрсетілген.

Еліміздің барлық судьялар қауымдастығы, сот қызметкерлері, доғарыстағы судьялар, сот саласының ардагерлері отыз жыл бойы күткен төл мерекесін бірінші рет – 24 маусымда ел, халық болып бірге тойлаймыз, ерекше күймен атап өтеміз.

Төл мерекеміз неге отыз жыл бойы белгіленбеді, оған не себеп болғанын мен білмеймін, бірақ, көптен күрмеуі шешілместей көрінген мәселені осыдан он жыл бұрын көтерген сот саласының азаматтарын атап өткенді жөн санаймын. Сол кездері мен бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының апелляциялық сот алқасының судьясы болатынмын, аталған сотқа Нұрсерік Шәріпов басшылық етті. 2012 жылдың басы болса керек, қазір нақты есімде қалмапты, облыстық соттың әр дүйсенбіде өтетін жедел жиналысты аяқтай келе, төраға облыстық соттың баспасөз хатшысы Қабыл Дүйсенбіге («Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» – дегендей, аталған азамат облсоттың баспасөз қызметін басқарған күннен бастап, осы саланың жұмысы өте белсенді болғанын атап өтсем артық болмас) және маған сіздер іркіле тұрыңыздар, кеңесетін шаруа бар деді. Сол жерде төраға Н.Шәріпов өзін биліктің үшінші тармағы болған – сот билігінің осы кезге дейін төл мерекесінің болмауы мазалайтынын жеткізді. Төраға маған – облыстық соттың БАҚ өкілдерімен үйлестіруші судья ретінде, осы көтерілген мәселе бойынша мақала жазып, «Заң газетіне» жолдауға, ал баспасөз хатшысы Қ.Дүйсенбіге сол жазылуға тиіс мақалаға арқау болатын мәліметтерді маған беруге және оған қатысты болған барлық іс-шаралар бойынша көмектесуін өтінді. Тапсырма анық, енді тек оны мерзімінде орындау-

ды өз жауапкершілігімізге алып, жұмысқа кірістік.

Қ.Дүйсенбінің және өзім жинақтаған деректер негізінде, «Судьялардың төл мерекесі белгіленуі тиіс» – деген айдармен аталған мақаланың жобасы дүниеге келді, оны төрағаға көрсетіп, «Заң газетіне» жолдадым. Арадан көп уақыт өтпей-ақ, аталған газеттің 2012 жылғы қаңтар айының 13 жұлдызындағы санында мақала жарқ етіп жарияланды.

Оқырмандарға түсінікті болу үшін мақаладан үзінді келтірейін: «Ата Заңымыздың «Соттар және сот төрелігі» – деп аталатын арнайы VII бөліміндегі 9-баптың 8-бөлігі, сондай-ақ, 4, 13, 14, 16, 55-баптары тек соттарға қатысты екендігінен-ақ сот билігінің қаншалықты азаматтарымыздың өмірі мен құқықтарын қорғайтын әлеуетті биліктің үшінші тармағына айналғанын көруге болады.

Қазақстандық бүгінгі сот жүйесі – бұл бүкіләлемдік сот қалыптарының ажырамас бір бөлігі. Соңғы кездері біздің елімізде Президенттің тікелей басшылығымен сот жүйесін нығайту және судьялардың мәртебесін арттыру жөнінен бірқатар маңызды нақты қадамдар жасалғанымен, біз көтеріп отырған мәселенің әлі күнге дейін көлеңкеде қалып қоюуы өкінішті-ақ.

Елімізде әр жыл сайын (соңғы – 01.12.2011 жылы бекітілген «Елбасы күнімен» қоса) 45 күн мемлекеттік мерекелер мен кәсіби мерекелерге арналып, тойланып жатады екен. Сол кәсіби мерекелердің ішінде, археологтар, шахтерлар, құрылысшылар, байланысшылар, энергетиктер, экологтар, құтқарушылар, статистер, сондай-ақ, барлық құқық қорғау органдарының, соның ішінде, прокуратура, ішкі істер, қаржы полициясының, ұлттық қауіпсіздік, әділет, кеден органдарының және тағы басқа да кәсіби мерекелері бар. Әрине, олардың кәсібін жоққа шығаруға болмас, әр маман иесінің өзінің төл мерекесін тойлауына кім қарсы болуы мүмкін, бірақ жоғары судья лауазымында бола тұра, кәсіби мерекесіз қалу ойландыратын мәселе.

Өткен жылдың желтоқсан айының 6-жұлдызында прокуратура органдары өздерінің 20 жылдығын, сырт елдерден қонақтар шақырып, әдемі атап өткізді. Осы мерейтойға арнап, арнайы төс белгілері дайындалып, лайықты деп тапқан қызметкерлерін, ардагерлерін, мерейтойға қатысқан қонақтарды, соның ішінде, бұрын прокуратура саласында жұмыс жасаған Жоғарғы Соттың судьяларын да марапаттаған болатын. Осыны көріп, бір жағынан сүйсінсең, екінші жағынан мерекесіз қалғаныңа күйінесің, әрине.

Судьяларды – бірде Конституция күнімен құттықтаса, екінші біреулер Тәуелсіздік күнімен құттықтап жатады. Әрине, мемлекеттік мейрамдар бәрімізге ортақ, дегенмен, менің және әріптестерімнің пікірінше – «Судьялар күні» (немесе «Судьялар қауымдастығының күні») әр жылдың желтоқсан айының 25 жұлдызында, яғни «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңы қабылданған күніне сәйкестендіріп, белгілесе болмас па еді?! Егер осы мәселені Жоғарғы Сот жанындағы Судьялар одағы қолдап, тиісті органдардың алдына қойса, ал соңынан оң шешімін тауып жатса, нұр үстіне нұр болар еді».

Төл мерекеміздің белгіленуіне тек біз ғана мұрындық болғанбыз деп көкірек керуден аулақпын. Солай бола тұрса да бір нәрсе анық және айнадай шындық, ол да болса соттардың төл мерекесі жайлы БАҚ беттерінде, Нұрсерік Шәріповтің бастамасымен бірінші болып көтерген азаматтардың арасында жеке өзімнің және облыстық соттың баспасөз хатшысы Қ.Дүйсенбінің болғанын мақтанышпен еске аламын.

Осы орайда және жоғарыда атап өткенімдей, төраға Нұрсерік Шәріпов өзінің осы мәселе бойынша көтерген ұсынысы жайлы жарияға жар салатын азамат еместігін, сондықтан, оның жасаған қызметін мен көрсетіп өтуді парызым санаймын. Дадан да, жаудан да тайсалмаған батыр Бауыржан атамыздың мірдің оғындай: «Мен істедім дегенше, ер істеді десеңші. Ер істеді дегенше, ел істеді десеңші» – деген бір ауыз қағи-

датын қатаң ұстанатын Нұрекеңе жалаң, арзанқол абыройдың қажеті керек еместігін жақсы білемін, мұндайға жан-тәнімен қарсы азамат. Дегенмен, қалың оқырманға бұл азаматтың да көрсетілген шаруаға тікелей басшылық етіп, атсалысқанын білуі керек қой.

Мақала газет бетінде жария болғасын, Нұрекең көтерілген мәселені басшыларға айтатынын жеткізді. Алайда, бастама, ұсынысымыз бақандай он жыл бойы неге шешімін таппағанын түсінбей-ақ қойдық. Менің топшылауымша, Нұрекең бұл әбден жауыр болған мәселені мүлдем ұмытпай, қазіргі Жоғарғы Соттың басшыларына құлағдар етіп, төл мерекеміздің белгіленуіне өзінің септігін тигізуі әбден мүмкін.

Менің мақаламнан кейін арадан сегіз айдай өткесін «Заң газетінің» 2012 жылғы тамыз айының 10-шы жұлдызындағы санында, заң саласының майталманы, профессор Ағыбаев Арықбай ағамыздың «Сот жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі белгіленуі қажет» – деген көлемді мақаласымен қатар Алматы горнизоны Әскери сотының төрағасы Мұхамеджан Пақырдіновтың Жоғарғы Сот басшыларына үндеуі жарияланды.

Аталған мақаламен таныса сала, ондағы келтірілген мәселелерді толықтай құптай және қолдай отырып, тағы бір мақаламды «Заң газетіне» жолдадым. Аталған басылымның редакциясына мың да бір алғыс. Мақала жедел түрде жарияланды.

Өткен жылдың шілде айында БАҚ беттерінен, ғаламтор желісінен «Сот және сот қызметкерлері күні» нақты белгіленетін болды деген сүйінші хабар құлаққа тие сала, тағы бір мақала жаздым. Бұл «Заң газетінде» «Мәселе оң шешімін тапты» – деген айдармен жарияланды.

Не себепті бұл мәселе көп уақыт бойы оң шешімін таппады, оған кімдер кінәлі деп бұрынғы сот басшыларын кінәлаудан, олардың бау-бақшаларына тас атудан аулақпын. Төл мерекемізді белгілеуге күш салған Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Қажыманұлы Асанов мырзаға айтар алғысымыз шексіз.

СОТ – МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІҢ БІР ТАРМАҒЫ

Егемен елімізде мемлекеттік биліктің үш тармағы болса, солардың бірі - сот билігі. Конституцияның 3-бабының 4-бөлігінде көрсетілгендей, «Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол - Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады».



Дүние-Зада КЕНШИМОВА,
Ақтау қалалық №2 сотының судьясы

Мемлекет пен халық игілігіне қызмет ету билік тармақтарының басты міндеті десек, еліміздің әлеуметтік, экономикалық дамуында сот жүйесінің рөлі қашан да басым. Сондықтан, Президент жолдауларында сот қызметі ерекше аталады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған жолдауында: «Полиция қылмыстарды оған қатысы барларды анықтап, дәлелдемелер жинап, шоғырландыруы керек. Прокурор тәуелсіз баға беруге, азаматтардың құқықтарының бұзылуына, адал азаматтардың қылмыстық процеске араласуына жол бермеуге, сотта тағылған айыптарды қолдауға міндетті. Сот биліктің әрекеттеріне қатысты шағымдарды қарап, іс бойынша түпкілікті үкім шығарады», – деп, жік-жікке бөліп айқындап беруі бекер емес.

Сот билігінің тәуелсіздігі мен әлеуметтік мәртебесі конституциялық заңмен бекітілді. Яғни, Қазақстан Республикасы соттары мен судьяларының мәртебесі туралы заң жүйе жұмысын қалыптастыруда маңызды тұғыр болды. Салада жүзеге асырылып жатқан түрлі реформалар, солардың негізінде Жоғарғы Сот тарапынан қолға алынған тың бастамалар мен жобалар ең алдымен, заң үстемдігін орнату мен адам құқықтарын әділ қорғау, азаматтарға тең мүмкіндік жасау мақсатын көздейді. Тәуелсіздік жылдары нарықтық экономика талаптарына орай орын алған өзгерістер сот ісін жүргізудің заңнамалық қорын одан әрі толықтырды. Мысалы, соттардың мамандандырылуы, сот ісін жүргізудің тиімді негізін қалады.

Сотта қаралатын дауларды шешудің баламалы әдістерін енгізу және соттан тыс реттеу, аса ауыр қылмыстарды алқабилердің қатысуымен қарау, яғни, медиация және алқабилер институттарының халықты сот ісіне жақындатуда маңызы зор болды. Сондай-ақ, тың өзгерістер дербес сот билігінің қалыптасуы мен орнығуына, кадрлық және қаржылық қамтамасыз етуді жетілдіруге, демократиялық, құқықтық мемлекеттің заңдылық негізін бекітудің басты алғышарттары ретінде соттың тәуелсіздігін нығайтты.

Бүгінде азаматтардың құқықтарын, сондай-ақ, меншік түрлерінің нысандарын қорғау халықаралық құқықтың жалпыға танымал принциптері мен нормаларына сәйкес дамуда деуге толық негіз бар. Өйткені, сала жұмысындағы кез келген игі іс соттың рөлін және оның халық алдындағы жауапкершілігін арттыруды мақсат тұтады.

Соттарға деген сенімді арттыруда ашықтық пен жариялылық жоғары маңызға ие. Сот төрелігінің ашықтығы судьялардың жеке басына ғана қатысты мәселе емес, ол мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Әлемдік стандартқа сай, сот билігінің тәуелсіздігі саяси, экономикалық және іс жүргізу аспектілерінің негізінде бағаланады. Мәселен, саяси тәуелсіздік – соттардың басқа билік тармақтарынан дербестігін білдірсе, олардың тікелей мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылуы экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етеді. Судьялардың өздерінен жоғары тұрған саты судьялары мен сот төрағаларына және әкімшілік аппаратқа бағынышты болмауы олардың іс жүргізудегі тәуелсіздігіне кепілдік етеді.

Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бағытындағы «100 нақты қадам: Ұлт жоспары» соттар жұмысын одан әрі жаңғыртуға айрықша ықпал етті. Ұлт жоспарының шеңберінде «Сот жүйесінің жеті түйіні» жобасы қолға алынды. Аталған бағдарлама сот қызметін барынша жетілдіріп, жаңа деңгейге көтерді.

Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен кадр саясатына айрықша көңіл бөлінді. Өйткені, қай саланың болсын қарқынды дамуында кадрлар рөлі ерекше. Адам тағдырын таразылау жүгі қай заманда да ауыр болған. Бұл тек қана ақылға, санаға түсетін салмақ емес, ар

мен ұжданға, жүрек пен жүйкеге түсетін жауапкершілік. Даудың ақиқатына жетіп, әділін айту – салмағы өлшеусіз, жауапкершілігі шексіз міндет. Демек, дана билердің ізбасарлары судьялар мен судьялыққа үміткерлерге қойылар талаптардың жылдан-жылға қатаюы олардың кәсіби шеберліктерін үздіксіз шыңдауына ықпал етеді. Бұл ретте атап айтарлығы, «Мінсіз судья» жобасы судьяларды неғұрлым сапалы іріктеп, олардың сот төрелігін жүзеге асыруға үлкен жауапкершілікпен келуін қамтамасыз етті.

Соңғы жылдары соттарға озық технологиялар қарқынды түрде енгізілуінің нәтижесінде азаматтар өркениет көшінен қалмай, электронды талап арыз беріп, соттарға қашықтықтан жүгіну мүмкіндігіне ие болды. Электрондық сот төрелігі халық тарапынан оң бағасын алды. Жалпы айтқанда, цифрландыру – қоғамның соттарға деген сенімін арттырудың бірден-бір тетігі. Өйткені, жаңа технологиялар сот төрелігін айқын және қолжетімді етті.

Осылайша сот саласын жаңа деңгейге көтеру жолындағы игі бастамалардың қай-қайсысы болмасын қарапайым азаматтардың әділ сот шешімдеріне әлемдік стандарттарға сай қол жеткізуінің бірден-бір кепіліне айналды. Әрі олар уақыт талабымен үйлестіріле отырып жетілдірілді. Әсіресе, судьялардың өздері қабылдаған сот актілерін тараптарға түсіндіруі саланы заман талабына сай жаңғыртты. Осы жылдар ішінде сот процесін өткізу, сондай-ақ, сот актілерін жазудың жаңа мәдениеті қалыптасып, азаматтар құқықтарын сот арқылы қорғау деңгейі жандана түсті.

Қазақстанды демократиялық, құқықтық, әділетті, әлеуметтік мемлекет ретінде нығайтуға арналған реформалар алдағы уақытта да кезең кезеңімен жалғаса береді.

Конституцияда көрсетілгендей, мемлекет пен қоғамның, сондай-ақ, азаматтардың өзара қарым-қатынасында баянды ынтымақтастық пен береке-бірлікке билік тармақтарының біріге атқарған іс-қимылының нәтижесінде жетуге болады. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан соттары мемлекеттік биліктің бір тармағы ретінде жан-жақты дамыған заманауи сот жүйесін қалыптастыра алды.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

СУДЬЯ АДАЛДЫҚ ПЕН ӘДІЛЕТТІЛІКТІҢ ҮЛГІСІ

Әділеттілік деген сөздің мағынасы өте терең және қасиетті. Себебі, әділдік ұғымы адамдар арасындағы қатынастар шын көңілмен адал болу керектігін көрсетеді. Егер қандайда болмасын дауларды шешкен кезде, ол бойынша объективті және әділетті шешім қабылданса, онда сот органына, судьяларға халықтың шынайы

және толық сенімі болатындығы сөзсіз. Осындай әділетті шешім қабылданғанда, ұтылған жақ та сот актісінің заңды және дұрыс екендігін мойындайды. Әрине, барлық азаматтарға белгілі, адамдар өздерін қоғамда қалай ұстаулары керектігін заңмен міндеттейді және де жеке тұлғалардың араларындағы қарым-қатынастар азаматтық кодекстермен реттеледі.



Азаматтық істер бойынша сот төрелігі сот алдында теңдік негізінде жүзеге асырылады. Тараптардың ешқайсысына артықшылық жағдай жасалмайды. Алайда, олардың өз құқықтарын жүзеге асыруына жәрдемдеседі. Сот тараптарға бірдей және құрметпен қарайды. Бұл аталған жағдайлар азаматтық заңның негізгі принциптерінің бірі болып саналады. Олардың ішінде бірінші ретте тараптардың құқықтық теңдігі қарастырылған. Ал бұдан іске қатысушылардың ешқайсысына шыққан тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлтік жағдайларына немесе өзге де кез келген мән-жайлар бойынша кемсітілуге жол берілмейді. Сонымен қатар, азаматтық заңнаманың негізгі принципі – біреудің меншігіне қолсұғушылыққа жол бермеу. Бұл принцип конституциялық нормалармен бекітілген.

Азаматтар затты йемденуге, қолдануға, басқаға беруге (сатуға) құқылы, оларға осындай іс-әрекеттерді жасауға ешкім де тосқауыл бола алмайды. Келісімшартты, оның орындалу тәртіптерін, олар өздерінің қалауларымен ғана шешеді. Яғни, азаматтық қатынастардың негізгі элементі – келісім еркіндігі. Ол дегеніміз: кімде болса өз еркімен, басқа біреудің итермелеуінсіз, қандайда болмасын келісімшарттарды жасақтауды өздері ғана шешеді, келісімді кіммен, қандай жақпен жасауды да өздері таңдайды, келісімнің шарттарын да өздері белгілейді. Сондықтан да азаматтық-құқықтық келісім ерікті болғанда ғана және екі жақ келісе отырып жасалғанда ғана орынды деп танылады.

Азаматтық-құқықтық іс-әрекеттерді қамтамасыз ету үшін және бұзылған құқықты орнына келтіру үшін олар сенімді түрде қорғалуға құқылы. Азаматтық құқықтар сотпен, арбитражбен төмендегідей тәртіпте қорғалады: құқықты тану; бұзылған құқықты орнына келтіру; құқықты бұзатын немесе оның бұзылу қаупін тудыратын әрекеттерге тыйым салу, залалдардың орнын толтыру, төленетін айыпты өндіріп алу, мәмілені жарамсыз деп тану, моральдық, рухани зиянның өтемін төлету, құқық қатынастарын тоқтату немесе өзгерту, т.б.

жағдайларды ескеріп, заңда көзделген әдістермен заңдылықты жүзеге асыру.

Аталған жағдайлар азаматтық-процесуалдық заңмен реттеледі. Заңның міндеті – бұзылған немесе дауланатын құқықтарды, бостандықты және заңмен қорғалатын азаматтардың, мемлекеттің және қоғамның мүдделерін қорғап, заңдылықты және құқықтық тәртіпті нығайту.

Сот істі негізінен шешу кезінде Конституцияны, Азаматтық іс жүргізу кодексінің және де басқа да құқықтық актілердің талаптарын қатаң сақтауға міндетті. Әрине, ол заңдар дұрыс қолданбаған болса, онда сот шешімі заңсыз деп танылады. Егер даулы қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар болмаса, онда соған ұқсас қатынастарды реттейтін, онда жалпы заң түсінігінің бастама талабына сәйкес дау шешілуге жатады.

Егер заң актілерімен немесе тараптардың келісімімен даулы жағдай сотпен шешілуге жатса, онда сот ол дауды әділеттілікпен және ақылға қонымды тұрғыда шешуі керек. Азаматтар және заңды тұлғалар оларға тиесілі азаматтық құқықтарын өздерінің қалаулары бойынша реттейді. Сонымен бірге, азаматтық құқығын қолданған адам, ол басқаның құқығын заңмен қорғалатын мүддесін бұзбауға тиіс және қоршаған ортаға зиян келтірмеуге міндетті. Сондай-ақ, азаматтар қоғамның адамгершілік қағидаларын (принциптерін), ал кәсіпкерлер іскерлік әдептілік ережелерін сақтаулары керек. Бұл міндеттер келісімшартпен шектелуге немесе алып тасталуға болмайды.

Азаматтар мен заңды тұлғалар басқа тарапқа зиян келтірілетін іс-әрекеттерді жасамауы тиіс, сонымен қатар құқықтың заңды түрде орындалуына кедергі келтірмеуге міндетті. Заң талаптары орындалмаған болса немесе әділетсіздік, ақылға сыйымсыз, арсыздық, қиянат жасалса, сот ондай жақтың құқығын қорғаудан бас тартады.

Аталған сөз мағыналары төмендегі түсініктерді көрсетеді. Адал ниеттілік – өзінің міндеттерін адал орындаушылар және олардың адамгершілік іс-әрекеттері орынды деп танылғандар. Ақылдылық, парасаттылық – ол адамның логикалық және



шығармашылық ойлау қасиеттілігі, олардың нәтижесіне талдау жасайтындығы. Және де адамның ақылдылығы – ұғымдылығы, пайымдылығы, терең түсінушілігі дегендерді білдіреді. Әділеттілік – іс-әрекеттерді заңдылық пен адалдық негіздерінде жүргізу, лауазымды тұлғаның істі қарағанда бейтарап болуы, тек қана даудың шындық жағын ғана ескеруі, орынсыз істермен және әділетсіздіктен зардап шегу араларын айқындау.

Академик С. Зиманов «судьяның қызметі сондай, ол өзінің іс-әрекетімен немесе өзінің қабылдаған шешімімен адамның адал ниеттілік қасиетін жоғары көтереді немесе оны төмен түсіріп, тұңғыыққа итеріп, өлімге жеткізуі мүмкін» деп атап көрсеткен болатын. Сондықтан да болар «судья – әрқашан да адалдықтың және әділеттіліктің үлгісі болуға тиіс» деген.

Олай болса, судьяларға жағдай жасап, тәрбиелеп және заңдылықты, әділеттілікті талап ету – мемлекетіміздің міндеті. Қоғамымыздың рухани деңгейі құқық нормаларының дәлелдеу негіздерінен көрінеді.

Ол құқық – этикалық дамудың жемісі және қоғамдық қатынастың үлгісі.

Шынайы жағдайларды анықтау, ол сот тексеруімен саралауының нәтижесінде айқындалады. Сот тануы – ол адамды біліп-тану қызметінің бір бөлігі және оның анығына жету шынайы өмірдің заңдылығы болып саналады. Соттың негізгі дәлелдемесі ретінде табиғаттағы және қоғамдағы құбылыстардың бір-бірімен байланысы болуы қабылданады. Бұл байланыс бір құбылыстың (фактінің, жағдайдың) болуы, одан екінші құбылыстың (фактінің, жағдайдың) туындайтығы туралы қорытындыға келуге болатындығы. Сот дәлелдемесінің негізгі мақсаты – даулы іс бойынша шынайы жағдайды анықтау немесе дәлелдердің көмегімен заңдылық фактінің бар не жоғын айқындау, соған байланысты заң бойынша олардың тараптар үшін құқықтық салдарын белгілеу, іске қажетті тағы да басқа жағдайларды анықтау. Іс бойынша дәлелдерді жинау, сотқа тапсыру және оларды талдап тексеру осы іске қатысушылармен орындалады.

Дәлелдемелерді келтіру тараптарға және үшінші жақтарға міндеттеледі. Соттың қарауына тараптармен және басқалармен тапсырылған дәлелдемелер және қызығушылық тораптың қалау-тілегіне байланысты сұратылған дәлелдемелерді сот зерттеп, оған заң тұрғысынан баға береді.

Қазақстан Республикасында қолданыстағы құқықтық нормалар ретінде Конституция, соған сәйкес қабылданған заңдар, басқа да құқықтық нормалар, халықаралық келісімшарттар және республикалық міндеттемелер, Конституциялық Кеңестің және Жоғарғы Соттың қақықтық қаулылары кіреді. Конституцияның жоғарғы заңдылық күші бар және ол Республика аймағының барлық жерінде тікелей қолданылады.

Елімізде мемлекеттік және жеке меншік бірдей дәрежеде танылады және қорғалады, адамдардың құқықтары мен олардың бостандықтары Конституция талаптарына сәйкес кепілденген. Және азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, басқалардың бостандықтарын және құқықтарын бұзбаулары тиіс, конституциялық құрылымға және қоғамдық құндылыққа қарсылық келтірілмеуі керек.

Азаматтық қатынаста заң талабы бойынша бірде-бір адам басқа біреуге өзінің ойын, іс-әрекетін мәжбүрлеп орындатуына жол берілмейді. Сондықтан арадағы жалпы жағдайлардың дұрыс орындалуына екі жақ та мүдделі, ол мәселе екі жақтың келісімімен ғана шешілуге жатады. Айта кету керек, келісім шарт, оған қатысушылардың еркіндіктеріне байланысты болғанымен, ол келісім шартты әркім өз еркімен орындаудан бас тартуға болмайды. Азаматтық заңмен рәсімделетін қатынастарға байланысты, азаматтар мен заңды тұлғалар қандайда болсын іс-әрекеттер жасауға құқылы, егер олар заңға қайшы келмейтін болса ғана.

Азаматтық заңнамада уақыт туралы түсініктеме бар, ол бойынша іс-әрекеттер жасауға немесе оларды тоқтатуға болатындығы қарастырылған. Атап айтқанда, заңда талап арыз беру уақыты бекітілген, осы

уақыт мезгілінде талап арызды қарау мүмкіндігі қарастырылған. Алайда, бұл уақыт мерзімі бұзылған құқықты қорғамайды.

Ескере кету керек, талап арыз беру мерзімін кейде жауапкер жақ өткізіп жіберуге іс-әрекеттер жасайды. Ол үшін мысалы қарызын бүгін-ертең қайтарамын деп созбалаңға салады. Соның салдарынан талапкер арыз берудің уақытын өткізіп алады, ал жауапкер осы жағдайды пайдаланып, сотта істі тоқтатуды сұрайды. Көбінесе мұндай жағдайлар өз құптауларын тауып жатады. Ол, әрине, әділеттілікке жатпайтындығы белгілі. Себебі, талапкердің бұзылған құқығы қорғаусыз қалады. Бұл жағдайда жауапкер қарызды қайтармай, оны заңсыз пайдаланып кетеді.

Қазіргі күндері келісім шарттардағы міндеттемелер толық орындалғанша тоқтатылмайды деп көрсетілуде. Бұған қарамастан кейбір судьялар «талап арыз беру уақыты өтіп кетті» деген негізбен істерді қысқартуда. Ал мұндай жағдайда бұзылған қауқықты орнына келтіру туралы заңда көзделген принципі сақталмайды.

Ақша да мүліктің бір түрі болып саналады. Себебі, ол азаматтық құқықтық қатынаста бола алады. Осы себепті ақша өзінің табиғатына байланысты екі түрге бөлінеді – нақты ақша – мүлік ретінде саналса, ал ақша – нақты түрде болмай, оның құны банктік құжатта міндеттеме түрінде көрсетілуі де мүмкін.

Осы айтылғандардың барлығы да толықтай қолданыстағы заңдарда қарастырылған. Солардың барлығын осы мақалаға жинап, жас судьядардың көңілдерін соған аудару мақсатында көрсетіліп отыр. Осы себепті өмірге сәйкес әділеттілік шешімдер көбірек қабылданса деген тілегіміз бар.

Осы заң талаптары қатаң сақталса, коррупцияны азайтуға әсерін тигізуі тиіс деп санаймын. Ендеше, әріптестер, іске сәт!

**Бағдат АХМЕТОВ,
ҚР Жоғарғы Сотының
отставкадағы судьясы**

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚОЛДАНУ

Қазақ-
стан
Респуб-
ликасы
Конс-
титутция-
сының
7-бабын-
да мемле-
кеттік тіл
- қазақ
тілі, алай-
да, мем-
лекеттік
ұйымдар-
да және



жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады делінген. Бұл норма еліміздің көп ұлтты мемлекет және көпшілік қауымның қолданыстағы тілі орыс тілі екендігінің тағы бір дәлелі екендігін мойындатады. Жалпы, мемлекеттік тіл мен ресми тіл ұғымының айырмашылығына тоқталып өтсек.

Тіл туралы заңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі және бұл мемлекеттік тіл еліміздің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң

шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі – деп көрсетілген.

Заң ережелері мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленіп, қабылданатынын, қажет болған жағдайда басқа

тілдерге аударылуы немесе Қазақстанда ресми тіл ретінде бекітілген орыс тілінде әзірленуін көздейді.

Құжаттама жүргізу тіліне қатысты да дәл осындай ережелер заңда бекітілген. Тіл туралы заңның 13-бабы Қазақстан Республикасында сот ісі мемлекеттік тілде жүргізілетінін, ал, қажет болған жағдайда, сот ісін жүргізуде орыс тілі немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылатынын айқындайды.

Осы орайда, қылмыстық сот ісін жүргізу тілінің мәртебесі жайлы да сөз қозғалмақ. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 30-бабына сәйкес, қылмыстық сот ісін жүргізу тілі ретінде қазақ тілі танылады.

Заңда қылмыстық процесті жүргізетін органдар процеске қатысушыларға сот ісін жүргізу тілінде табыс етілуге тиіс құжаттарды табыс етеді. Бұл ретте қылмыстық сот ісін жүргізу тілін білмейтін адамдар үшін құжаттардың сот ісін жүргізудің осы адамдар таңдаған тілінде жазылған, куәландырылған көшірмесі қоса беріледі делінген. Демек, қылмыстық процесс жүргізу тілін анықтау алдын ала тергеу амалдарын жүргізуші органға жүктеледі. Яғни, іс материалдары қандай тілде әзірленсе, сот ісін жүргізу тілі де сол анықталған тілде болмақ. Алайда, бұл норма сотқа қатысушы тараптардың тілге қатысты құқығын шектейді деген ұғым емес.

Себебі, заңға сәйкес іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмейтін немесе жеткілікті түрде іске қатысатын адамдарға ана тілінде немесе өздері білетін басқа тілде мәлімдеме жасау, түсініктемелер және айғақтар беру, өтінішхаттар мәлімдеу, шағымдар келтіру, іс материалдарымен танысу, сотта сөз сөйлеу, заң нормаларымен белгіленген тәртіппен аудармашының қызметтерін тегін пайдалану алады. Ол үшін аудармашының қызметі қамтамасыз етіледі.

Президент «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне

айналатын кезеңнің келетінін айтып өтті. Тіл мәртебесін нығайту бағытында да айқындалған міндеттер алға қойылды.

Үкіметтің қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама да бекітілді. Бағдарламаның сот ісін жүргізуге қатысты бөлігінде бүгінгі күні республика соттарында қазақ тілінде қаралатын істердің саны төмен деңгейде екені көрсетілген. Және сот процестеріне қатысуға тартылатын білікті аудармашылар санының жетіспеушілігі тағы бар.

Аталмыш құжатта құқық қорғау органдарында жүргізілген сауалнаманың нәтижелері де берілген. Ол бойынша халықтың 8 %-і «тек қазақ тілін қолданамын» және 25,8 %-і «көп жағдайда қазақ тілін қолданамын» деп жауап берген. Өкінішке орай, бұл статистикалық көрсеткіштер құқық қорғау саласында қазақ тілінің тиісті деңгейде қолданылмайтынын сипаттайды.

Жалпы, қазақ халқын біріктіретін, ел болып қалыптасуында аса маңызды рөл атқаратын фактор – тіл екенін, ол үшін мемлекеттік тілді меңгеру жұмысын алға қою керектігін кезінде ұлы Абай атамыз да айтып кеткен.

Мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. Ал мемлекеттік органдар ана тілімізді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға атсалысуы қажет. Жергілікті органдар да ана тілінің деңгейін көтеру, мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруге қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға міндетті.

«Көп болып көтерген жүк жеңіл» демекші, еліміздің әрбір азаматы ана тілін үйренуге талпынып, тіл мәртебесін жоғарылатуға атсалысса тіліміздің өлмесі, халқымыздың ұлт ретінде құлдырамауы анық.

Қанат АРИНОВ,
Алматы аудандық №2
сотының судьясы
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

ҚОСЫМША ЖАЗА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Заңдылық пен құқық тәртібіне байланысты практикалық міндеттерді шешуде мемлекетіміздің құқықтық жүйесінің бір тармағы болып табылатын қылмыстық заңның рөлі едәуір, ол - заң бұзушылықтың қылмыс сияқты аса қауіпті түрімен күресуге бағытталған. Бұл күресте қылмыстық құқықбұзушылық жасаған адамға, оның жасаған қылмыстық құқық бұзушылық түріне сәйкес жаза тағайындалады.



Гульнара ДАУЛЕШОВА,
Атырау қаласының №2 сотының
судьясы

Қазақстан Республикасы Конституциясында барлық адам заң мен сот алдында тең, ешкім де заңды күшіне енген сот үкімі болмай қылмыс жасауда кінәлі деп танылуға жатпайды және қылмыстық жазаға тартыла алмайды деп көрсетілген.

Жаза дегеніміз – соттың үкімі бойынша дайындалған мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылады және Қылмыстық кодексте көзделгендей, адамды құқықтары мен бостан-

дықтарынан айыру немесе оларды шектеу болып табылады. Оны қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға мемлекеттік ерекше орган – сот қана үкім негізінде қолдана алады.

Қылмыстық құқық бұзушылық пен жаза – өзара тығыз байланысты құқықтық түсінік. Мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде жаза тек қылмыстық құқықбұзушылық үшін қолданылады. Жазаға тән ерекшелік – міндетті түрде жазалаудың болуы.

Жазалау дегеніміз – жазаның мәжбүрлеу,

зорлау сипаты. Олар күш көрсету, моральдық, материалдық және басқадай ықпал ету арқылы жүзеге асырылады. Тағайындалған жазаның ауыр-жеңілдігі жасалынған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипатына және қаншалықты ауыр екендігіне, айыпкердің жеке басына және басқа мән-жайларға байланысты.

Әрбір мемлекеттік мәжбүрлеу шарасының өз міндеті, өзіне тән мақсаты болады. Жазаның мақсаты – жаза тағайындау, оны қолдану және іске асыру арқылы қол жеткізуге ұмтылатын әлеуметтік нәтиже. Жазаның нақты мақсаты Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдарының алдында тұрған міндеттерден туындайды.

Жазаның мақсатын анықтау бәрінен бұрын, соттың заң қолдану қызметінде маңызды. Нақты адамға қатысты жазаның түрін, мөлшерін анықтай отырып сот жазаның заңда белгіленген мақсаттарын басшылыққа алуға тиіс. Бұл талапты елемей – заңсыз, дәлелсіз жаза тағайындауға, әділетті емес үкім шығаруға әкеп соғуы мүмкін.

Жазаның мақсаты Қылмыстық кодекстің 39-бабында былай көрсетілген: «Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ, сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады». Яғни жазаның мақсаты:

а) әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру;

б) сотталғанды түзеу;

в) сотталған тарапынан жаңа қылмыстың жасалуын болдырмау (арнайы, жеке сақтандырудың мақсаты);

г) басқа адамдар тарапынан қылмысты болдырмау (жалпы сақтандырудың мақсаты).

Жаза тағайындалған әрбір жағдайда осы мақсаттар бірге қарастырылуы тиіс.

Жаза – мемлекет қолындағы маңызды құрал, ол арқылы мемлекет адамды, оның құқын, бостандығын, заңды мүддесін, меншікті ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті, қоршаған ортаны,

конституциялық құрылысты, еліміздің аумақтық бүтіндігін, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін, адамзаттың бейбіт өмірі мен қауіпсіздігін қылмыстық қастандықтан қорғайды. Ол қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың басты формасы және қылмыскерліктің алдын алу шараларының бірі болып табылады.

Сотталушыға жаза тағайындағанда сот тек жәбір шеккен адамға ғана емес, жалпы қоғамға қатысты әлеуметтік әділеттілікті біршама болса да қалпына келтіруге әрекет жасауға тиіс.

Жалпы жазаның барлық түрі үш топқа бөлінеді: негізгі, қосымша және балама, яғни, олар негізгі болып та, қосымша болып та қолданыла алады. Жазаның негізгі түрлеріне тек өзінше бөлек тағайындалатын жазалар жатады, олармен басқаларды толықтыруға болмайды.

ҚК-нің 40-бабына сәйкес қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға берілетін негізгі жазалар:

1) айыппұл;

2) түзеу жұмыстары;

3) қоғамдық жұмыстарға тарту;

4) қамаққа алу қолданылуы мүмкін.

Қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға тағайындалатын негізгі жазалар:

1) айыппұл;

2) түзеу жұмыстары;

3) бас бостандығын шектеу;

4) бас бостандығынан айыру;

5) өлім жазасы қолданылуы мүмкін.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға негізгі жазамен қатар мынадай қосымша жазалар беріледі:

1) мүлкін тәркілеу;

2) арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру;

3) белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;

4) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегі-

нен тысқары жерге шығарып жіберуі мүмкін. Қосымша жаза – негізгі жазамен салыстырғанда қосалқы сипаттағы жаза, ол тек негізгі жазаны өтеуді қамтамасыз ете алмайтын жағдайда қолданылады.

Қосымша жазалар: арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру және мүлікті тәркілеу.

Балама жазалар қатарына айыппұл салу және белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жатады, яғни, бұл жазаларды тек өзінше ғана қолданбай, ҚК-нің 40-бабында көрсетілген жағдайларда, оларды жазаның басқа түрлерімен де бірге қолдануға болады.

Қылмыстық жаза тағайындаған кезде ҚК-нің 52-бабында көрсетілген жаза тағайындаудың жалпы қағидаларын бұлжытпай сақтауымыз тиіс, сондай-ақ, қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы бойынша қай санатқа жататындығын, қылмыстың қайталануын және оның түрлерін, қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезеңін, сотталушының қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезіндегі қатысу дәрежесін, қылмыстық құқық бұзушылықтың мақсатына жету үшін оның әрекеттерінің маңызын және келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның сипаты мен мөлшеріне ықпалын, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығының болуын, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлардың болуын, сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаға қарағанда неғұрлым жеңіл жаза тағайындау негіздерін ескеруіміз қажет.

Қосымша жазалар сотталушыны кінәлі деп танитын ҚК-нің бабында белгіленген шектерде тағайындалады. Егер қосымша жаза ҚК-нің 49 немесе 50-бабының негізінде қолданылса, оның мерзімі жазаның осы түрі үшін заңмен белгіленген шектерден аспауы керек.

Қылмыстық заң бабының санкциясы қосымша жазаны қолдану немесе қолданбау мүмкіндігін көздеген жағдайларда, соттар оны тағайындау туралы мәселені талқы-

лауға және қабылданған шешімнің себебін үкімде көрсетуге міндетті. Мұндай жағдайларда қосымша жазаны қолданбау үкімнің қарар бөлігінде көрсетілмейді.

Қосымша жаза қолдануды міндетті деп табатын қылмыстық заңның баптары бойынша адамды соттаған кезде, сот оны ҚК-нің 55-бабында көрсетілген шарттар болған жағдайда ғана қабылданған шешімнің уәждерін үкімде міндетті түрде көрсетіп тағайындамауы мүмкін.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы кезінде негізгі және қосымша жазалар әр қылмыстық құқық бұзушылық үшін жеке тағайындалады, ҚК-нің 50-бабына сәйкес қосымша жазаны тағайындаған кезде дәл осындай әрекет жасалуы қажет, одан кейін ҚК-нің 58-бабына сәйкес түпкілікті жаза тағайындалады. Толық қосу кезінде жазалардың мерзімдері мен мөлшерлері ҚК-нің 61-бабының талаптарына сәйкес қосылады. Жазаларды ішінара қосу кезінде неғұрлым қатаң жазаға жеңілірек жазаның бір бөлігі қосылады. Қосылған жазаның мерзімдері мен мөлшерлері ҚК-нің 58-бабында белгіленген шектерден аспауы керек.

Мүлікті тәркілеу сотталушыны кінәлі деп таныған ҚК-нің бабының санкциясында қосымша жаза ретінде көзделген жағдайларда ғана тағайындалуы мүмкін. Тәркілеуге жататын мүлік үкімде анық көрсетілуге тиіс. Тәркілеу сотталғанның меншігінде тұрған, заңсыз тәсілмен табылған не заңсыз тәсілмен табылған қаражатқа сатылып алынған мүлікке ғана аударылуы мүмкін.

Мүлікті, оның ішінде үшінші тұлғаларға ресімделген мүлікті тәркілеу туралы мәселені шешу кезінде соттар осы мүліктің және мүлік сатылып алынған қаражаттың шығу тегін айғақтайтын дәлелдемелерді тексеруге міндетті. Мүліктің және ақшалай қаражаттың қылмыстық жолмен табылмағаны анықталған кезде сот қабылданған шешімде уәждерді келтіріп олардың тағдыры туралы мәселені шешуге міндетті.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексіне қоса берілген қосымшада көрсетілген мүлікке тәркілеуді қолдануға болмайды. Егер ҚК-нің ерекше бөлімінде

санкция тәркілеуді міндетті қосымша жаза ретінде қарастырған жағдайда, алайда адам қылмысты кәмелетке толмаған кезде жаса-са не шартты түрде соттау орын алса, онда ҚК-нің Жалпы бөлімінің ережелері ескеріле отырып, мүлікті тәркілеу қосымша жаза ретінде қолданылмайды. Осы шешім ҚК-нің тиісінше 48-бабына, 63-баптың төртінші бөлігіне немесе 81-бапқа сілтеме жасалып, сот үкімінің сипаттау-дәлелдеу бөлімінде уәжденуге тиіс. Мұндай жағдайларда ҚК-нің 55-бабына сілтеме жасау талап етілмейді.

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру қосымша жаза ретінде қылмыстық құқық бұзушылықты саралаған ҚК-нің ерекше бөлігінің бабында жаза ретінде көзделмесе де тағайындалуы мүмкін.

Мұндай жағдайда үкімнің қарар бөлігіндегі қосымша жаза тағайындау туралы шешімде тиісінше ҚК-нің 49-бабына немесе 50-бабына сілтеме жасалуға тиіс.

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, қаржы ұйымдарында белгілі бір лауазымдарды атқаруға не белгілі бір кәсіптік немесе өзге де қызметпен айналысуға тыйым салудан тұрады және ол бір жылдан он жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.

Сот адамды қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттаған кезде үкімді шығарумен бірге ҚК-нің 50-бабының екінші бөлігінің негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің атына сотталушыны мемлекеттік наградалардан немесе Қазақстан Республикасы Президенті тағайындаған құрметті, әскери, арнайы атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан айыру жөнінде ұсыныс енгізу туралы мәселені қарауға тиіс. Награданы мемлекеттік награда екенін анықтау үшін «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік наградалары туралы» 1995

жылғы 12 желтоқсандағы № 2676 заңын басшылыққа алу қажет.

Лауазымы бойынша міндеттерін атқаруына немесе белгілі бір қызметпен айналысуына байланысты қылмыс жасаған әрбір жағдайда, ҚК-нің 50-бабына сәйкес, сот жасаған қылмыстың сипатын ескеріп, сотталушының белгілі лауазымдарды атқару немесе нақтылы қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы мәселені шешуге міндетті. Үкімнің қарар бөлімінде лауазымдар немесе қызметтің түрі нақты көрсетілуге тиіс. Атап айтқанда, сотталушының атқаруға құқығы жоқ лауазымдардың түрлерін анықтамай тұрып, оны қандай да бір салада немесе қандай да болмасын мекемелерде, ұйымдарда жұмыс істеу құқығынан айыруға болмайды. Сотталушының үкім шыққан сәтте лауазымды атқармауы немесе жасаған қылмысқа қатысты қызметпен айналыспауы аталған қосымша жазаны қолдануға кедергі болмайды.

Адамның көлік құралын жүргізу құқығы болған не болмаған жағдайда немесе әкімшілік жаза тағайындау тәртібімен ондай құқықтан айырылған жағдайда, сот қылмыстық заңның санкциясына сәйкес оған қосымша жаза ретінде көлік құралын жүргізу құқығынан айыруды тағайындауы мүмкін.

Сот үкімі – қылмыстық іс жөніндегі бүкіл өндірістің қорытындысы шығарылатын құқықты қолданудың аса маңызды кесімі болып табылады. Конституциялық қағидаларға сәйкес, үкім Қазақстан Республикасының атынан шығарылады әрі заңды және негізді болуға тиіс.

Үкімдерді дайындаған кезде олардың нысаны мен мазмұны жөнінде қойылатын заң талаптарын сақтамау, сот үкімінің өзгертілуіне және күші жойылуына әкеп соғады.

Үкімнің мемлекет атынан шығарылуы, оның маңыздылығы судьялардан оның заңдылығы мен негізділігі үшін ерекше жауапкершілік сезінуді талап ететіні сөзсіз. Сондықтан, сот үкімін дайындағанда судья аса мұқияттық танытып, үкімді түсінікті, сауатты жазып, үкімнің құрылымы ҚПК-нің 387-390, 393, 396-398-баптарының талаптарына сай жазылып, дайындалуы тиіс.

МАЛ ҰРЛАҒАНДАР ТАТУЛАССА ДА ЖАЗАЛАНАДЫ



2019 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі жаңа 188-1 бабымен, мал ұрлау, яғни, бөтеннің малын жасырын жымқыру қылмысымен толықтырылды.

Бұрын мал ұрлау – ҚК-нің 188-бабы ұрлық, яғни, бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру қылмысы бойынша қаралатын. Бұл баппен мал ұрлаған адам ұсталып, қылмыстық жауаптылыққа тартылу кезінде малдың иесіне жымқырған малдарын қайтарып немесе келген шығынды ақшалай орнын толтырса не жәбірленушімен татуласса ҚК-нің 68-ба-

бының талаптарына сәйкес, қылмыстық жауаптылықтан босатылып кететін. Алайда, кейін осы мал ұрлаған адамдар, қылмыстық заңның осал тұстарын біліп, бұл қылмысын қайта жасап құқық қорғау қызметкерлерінің құрығына қайта ілінсе, тағы да сотқа дейін немесе сотта малдың иесімен татуласып, шығынның орнын толтырып, қылмыстық

жауаптылықтан тағы да құтылып кететін. Осындай жағдайлар қайталанып, орын алғандықтан жаңа заң ҚК-нің 188-1-бабымен мал ұрлау, яғни, бөтеннің малын жымқыру-қылмысымен толықтырылып, жазалары қатаңдатылды. 188-1 бабының 1-бөлігі бойынша мал ұрлау орташа ауыр қылмысқа жатады. Бұл бап бойынша, мал ұрлаған кезде малдың иесіне жымқырған малдарын қайтарып, немесе келген

шығынды ақшалай төлесе де жәбірленуші малдың иесімен татуласса да ол енді заң бойынша жазаланады. Себебі, «ҚК-нің 68-бабының 4-бөлігі 8-тармақшасына сәйкес, бұрын жасаған қылмысы үшін тарап-

тардың татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылғаннан кейін, осы кодекстің 71-бабының бірінші бөлігінде белгіленген қылмыстық жауаптылыққа тарту ескіргендіктен қасақана қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды», делінген. Ал, 188-1-баптың 2,3,4-бөліктері бойынша мал ұрлау ауыр қылмыстар қатарына жататындықтан, ешқандай да малдың иесімен татуласуға жол берілмейді және ҚК-нің 68-бабының талаптары қолданылмайды, сәйкесінше, адам қылмыстық жауаптылықтан босатылмайды, керісінше заңға сәйкес, тиісті жаза-сын алады.

ҚК-нің 188-1-бабының ескертпесінде, мыналар: ірі қара мал – жылқылар мен есектер, түйелер, ұсақ мал – қой, ешкі, шошқалар – жалпы мал деп түсініледі.

Мал ұрлығы қылмысының жасалу сипатына қарай және оған тағайындалатын жаза түрі келесідей: ҚК-нің 188-1-бабының 1-бөлігі бойынша мал ұрлау, яғни, бөтен-

нің малын жасырын жымқыру – мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. 2-бөлігі бойынша мынадай: 1) алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған; 2) ірі мөлшерде жасалған мал ұрлау – мүлкі тәркіленіп, үш жылдан

жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. 3-бөлігі бойынша: 1) бірнеше рет; 2) тұрғын үй-жайдың, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің, мал қораның, қашаның немесе өзге

де қойманың ауласына кірумен жасалған мал ұрлау – мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. 4-бөлігі бойынша: 1) қылмыстық топ жасаған; 2) аса ірі мөлшерде жасалған мал ұрлау – мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Айтар ойымның түйіні, бүгін болмаса ертең әр нәрсенің сұрауы болады. Ұрлық жасап олжаға батамын деп жүріп, қолға түсіп, сотталған қылмыскерлердің «Ұрлық түбі – қорлық» деген халық даналығының ақиқаттығына ой тастап, ақыл тоқтатар деген ойдамын. Сотқа жеткен істің әрдайым да әділ шешімін табары анық.

Руслан БАЙМАХАНБЕТОВ,
Исатай аудандық соты
төрағасының міндетін атқарушы
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ



МӨЛШЕРЛЕСТІК ҚАҒИДАТЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ

Зандылық пен құқық тәртібіне байланысты практикалық міндеттерді шешуде мемлекетіміздің құқықтық жүйесінің бір тармағы болып табылатын қылмыстық заңның рөлі едәуір. Ол - заң бұзушылықтың қылмыс сияқты аса қауіпті түрімен күресуге бағытталған. Бұл күресте қылмыстық құқықбұзушылық жасаған адамға, оның жасаған қылмыстық құқық бұзушылық түріне сәйкес жаза тағайындалады.



Айдос АЛИМБЕТОВ,
Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Сотының жанындағы Сот төрелігі
академиясының магистранты

Әкімшілік рәсімдер мемлекеттік басқару қызметі саласындағы мемлекеттік органдардың міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру тәртібін белгілейтін, мемлекеттік биліктің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, азаматтар мен ұйымдардың субъективті құқықтарын іске асыру кезінде құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған маңызды құқықтық құрал болып та-

былады. Сондықтан, атқарушы органдардың басқарушылық қызметін іске асырудың сапалы құқықтық тетігін құру мемлекеттің бірінші кезектегі міндеті бола отырып, әкімшілік рәсімдер институтын дамытудың алдыңғы қатарлы бағытына жатады [1, 143 б.]. Осы мақсатта мемлекеттік әкімшіліктің қызметін ретке келтіру, жеке және заңды тұлғалардың мемлекетпен қарым-қатынас-

тарында процессуалдық кепілдіктер жасау, шығарылатын актілердің тұрақтылығын қамтамасыз ету, жария-құқықтық дауларды қарау жүйесін қалыптастыру мен оның жұмыс істеуіне бағытталған Қазақстан Республикасында Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 2020 жылғы 29 маусымда қабылданып, 2021 жылғы 1 шілдеде қолданысқа енгізілді[2].

Әкімшілік қалау доктриналар мен ғылымда ертеден қолданылып жүргенімен, Қазақстанда алғаш рет заң жүзінде кодекстің қабылдануымен бекітіліп, кодекстің келесі баптарында, яғни 10 (мөлшерлестік), 11 (әкімшілік қалауды жүзеге асыру шектері), 155 (шешім шығару кезінде сот шешетін мәселелер) және 15-баптарда (мәжбүрлеу туралы талап қою бойынша шешім) қарастырылады[2].

Әкімшілік актілердің көп бөлігі жария әкімшілік субъектілерінің дискрециялық өкілеттіктері немесе олардың әкімшілік қалаулары негізінде, яғни, субъекті нақты жағдай аясында рұқсат етілген бірнеше құқықтық шешім, әрекет не әрекетсіздік арасынан ең дұрыс, әділ әрі мақсатқа сәйкесін таңдауы арқылы қабылданады. Бұл жағдайда, шетелдік авторлардың пікірінше, заң (құқық) тұрғысынан рұқсат етілген бірнеше шешімнің арасында таңдау жасай алатындықтан, мұндай органға белгілі бір кеңістік беріледі. Ол әрекет не әрекетсіздік жасауы мүмкін, және бұл кезде бір немесе бірнеше нұсқаны таңдайды[3,147 б.][4,191-192 бб.][5,166 б.].

Әкімшілік қалау бұл құқық та, міндет те емес, әкімшілік органның өкілеттігі, яғни, құқықтық жауапкершілік. Ағылшын ғылыми әдебиеттерінде айтылғандай, әкімшілік қалау дискрецияның құқықтық тұжырымдамасы әрекет және (немесе) әрекетсіздіктің балама тәсілдерін таңдауды қарастыратындықтан, міндет емес, әкімшілік органның өкілеттігі болып табылады. Егер заңнамада тек бір нақты шешім қабылдау қарастырылған болса, онда бұл – қалау емес, міндет[6,97 б.], ол нақты мерзімде және нормативтік талапта белгіленген тәртіпте орындалуы керек. Мұндай міндетті қалай

орындау керектігін қалауға жол берілмейді.

Сол сияқты, украин заң шығарушылары әкімшілік қалауды «дискрециялық өкілеттік, яғни, мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік немесе жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, өз қалауы бойынша қабылданатын басқарушылық шешімнің түрі мен мазмұнын толық немесе ішінара анықтауға мүмкіндік беретін құқықтар мен міндеттер жиынтығы немесе нормативтік-құқықтық актіде, нормативтік-құқықтық актінің жобасында көзделген басқарушылық шешімдердің бірнеше нұсқаларының бірін өз қалауы бойынша таңдау мүмкіндігі» ретінде бағалайды.

Кодекстің 4-бабы 1-бөлігі 6) тармақшасында: «Әкімшілік қалау – әкімшілік органның, лауазымды адамның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мақсаттарда және шектерде заңдылығын бағалау негізінде ықтимал шешімдердің бірін қабылдау өкілеттігі» деп көрсетілген[2]. Дефиниция құрылымында да әкімшілік қалаудың өкілеттілік екендігі атап өтіледі. Бұл тұста, құқық ғылымдарының докторы, профессор, Р.С. Мельник әкімшілік қалауды өкілеттілік деп атаумен келісетіндігін, алайда, заңнама мен оны қолдану практикасы деңгейінде іс жүзінде бар әкімшілік қалаудың жеке көріністері (түрлері) оның шеңберінен тыс қалатындықтан, келтірілген анықтаманы әлі де жетілдіруі қажеттігін атап өтеді[7,38 б.].

Әкімшілік қалау келесі мақсаттарға ие: қалаудың арқасында белгілі бір істерді шешудің даралануы мен әділдігі қамтамасыз етіледі, өйткені олар тиісті субъект ескеруі мүмкін нақты жағдайлар аясында қарастырылады; екіншіден, мұндай өкілеттіктер әкімшілік икемділікке ықпал етеді, шешім қабылдайтын әкімшілік органдарға өзгертін жағдайларға бейімделуге және (заңдылық пен парасаттылықтың шектеулерін ескере отырып) басымдықтарды ескеруге мүмкіндік береді[8,270 б.]. Сонымен қатар, басқару қызметінің тиімділігін (ұтымдылығын) және жеделдігін арттыруға

ықпал етеді [9,3-34 бб.],[10,40 б.]. Қалау жеке тұлғаның құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін, әсіресе оларды жариялы қызығушылықпен өлшеу кезінде барынша толық ескеруге мүмкіндік береді.

Әкімшілік қалау институты әкімшілік органға немесе лауазымды тұлғаға жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ете отырып, нақты жағдайда неғұрлым ақылға қонымды және әділ шешімді таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, нормативтік құқықтық актілерде реттеуші әсердің барлық аспектілері мен нюанстарын ескеру мүмкін емес. Тиісінше, әкімшілік органдар мен лауазымды тұлғалар әрқашан белгілі бір дискрецияға ие болады. Алайда, әкімшілік қалау озбырлыққа айналмауы үшін ол мөлшерлестік қағидатымен шектеледі.

Мөлшерлестік қағидаты философияда өз негізін «гармония», «мөлшер», «дәл ортасы», «теңдік» ұғымдарының құрамдас бөлігі ретінде қалыптастырып, қазіргі кезеңде заң деңгейіндегі қағидат ретінде қарастырылуда. Жалпы мағынада, ол қарым-қатынастардағы эквиваленттілік, өзара қамтамасыз ету мен алу арасындағы теңдікті, мүдделер тепе-теңдігін білдіреді.

Мөлшерлестік қағидаты заң қағидаты ретінде алғаш рет XIX ғасырдың соңында неміс әкімшілік сотымен қалыптастырылып, қолданысқа енгізілді. Мөлшерлестік не кейбір елдердің заңдарында көрсетілгендей, пропорционалдылық қағидаты заңдылық және орындылық (мақсатқа сәйкестік) қағидаттарының синтезі ретінде түсіндіріледі. К.В. Давыдов өз еңбектерінде сот тәжірибесін құқық нормалары мен қағидаттарының дәнекеріне, ал пропорционалдылық (мөлшерлестік) қағидатын барлық негізгі құқықтық құбылыстардың, соның ішінде рәсімдердің өзара қарым қатынасының теңгергішіне теңейді[11,37 б.]. Мөлшерлестік қағидаты әкімшілік органның нақты істі қарастырылған мақсат пен қолданылатын құралдар арасындағы ақылға қонымды арақатынаста қарастыруына кепілдік беруге арналған. Бұл қағидат әкімшілік қалауды

(дискрециялық өкілеттіктерді) жүзеге асыру кезінде ғана қолданылады.

Мөлшерлестік қағидатымен байланысты әкімшілік органдар өз шешімдерін олардың салдарымен өлшеуге, әкімшілік актілерді қабылдау немесе әкімшілік әрекеттерді жасау кезінде нақты және құқықтық жағдайларды бағалауға тиіс. Қағидат әкімшілік рәсімге қатысушының, қоғам мен мемлекеттің мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз ету үшін маңызды. Бұл принцип мемлекеттік емес субъектілерді мемлекеттік органдардың озбырлығынан қорғауға да арналған.

Әкімшілік орган мен лауазымды тұлғаның шешімі азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, заңды мүддесіне әсер ететін болса, ол тек қана заңдылық қағидатына ғана емес, сонымен қатар мөлшерлестік қағидатына да сәйкестенуі керек[12, 150 б.]. Өзгеше айтқанда жеке не заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір шектеуді көздейтін шаралар Конституцияда және заңдарда белгіленген мақсаттарға бағытталуға тиіс және мөлшерлес болуға, яғни өзінің мазмұнын, орнын, уақытын және қамтылатын адамдар тобын ескере отырып, олардың мақсаттарына қол жеткізу үшін лайықты, қажетті және барабар болып табылуға тиіс. Егер әкімшілік органның және лауазымды тұлғаның шешімі азаматтардың құқықтарын кеңейтуге және олардың жағдайын жақсартуға бағытталған болса, мөлшерлес болуы міндетті емес. Алайда, бұл жақсартуларға азамат талаптары толықтай қамтамасыз етілмегендіктен шағымданған болса, әкімшілік орган істі мөлшерлестік қағидатын ескере отырып қайта қарастыруы керек. Сонымен қатар, азаматтардың құқықтарын кеңейту үшінші тұлғалардың да құқықтары мен мүдделеріне әсері тиетін болса, әкімшілік орган және лауазымды тұлға мөлшерлестік қағидатын сақтауға міндетті[12, 151 б.]. Мөлшерлестік қағидатының сақталуын бақылау үшін әкімшілік актілерді, әкімшілік әрекеттерді тексерудің Германия доктринасы мен сот тәжірибесінде қалыптасқан келесідей төрт кезеңді тексеріс бар:

1-кесте. Германия тәжірибесіне сүйенген мөлшерлестік қағидатының сақталуын бақылауға арналған төрт кезеңді тексеріс.

1-кезең: өкілеттіліктің мақсатқа сай болуы.

- Бірінші және негізгі тексеру критерийі. Өкімшілік актіні қабылдау немесе жинарлық іс-арызетті жасау заңда белгіленген өкімшілік өкілеттіліктің мақсатына сәйкес жүзуге және заңды мақсат көздеуге тиіс. Заңды мақсат деп заңға толық сәйкес келетін, заңда құқықтық жетім бар заңдылық қағидатына сәйкес мақсатты атқтау болады. Егер бұл шарт сақталмаса, қалғанын қарастыру қажеттілігі жоқ, себебі қабылданған шара заңға қайшы болса, жетім құқыққа еш жерде де араласуы қажет.

2-кезең: жарамдылық.

- Өкімшілік акт, жинарлық арызет (арызетсіздік), егер олар Қанаустан Республикасының заңдарында белгіленген мақсатқа қол жеткізуге қолайлы болса, жарамды деп есептеледі. Егер оның көмегімен заңды мақсатқа жеткізуге не мақсаттың белгілі орындалу мұқият болса жарамды деп тануға да болады. Өкімшілік орган мақсатқа жету үшін қандай шара қабылдайтындығын не қабылдамайтындығын, олардың қиыншылықты жарамды екендігін көрсетуі міндетті [12, 153-154 бб.] [13, 726].

3-кезең: қажеттілік.

- Өкімшілік орган және лауазымды тұлға тек заңды мақсатқа жетуге қажетті шараларды қабылдауы қажет. Өкімшілік акт, жинарлық арызет (арызетсіздік), егер жинарлық рәсімге қатысушының құқықтары, бостандықтары немесе заңды мүдделерін өзге шаралармен салыстырғанда ең аз дәрежеде шектесе, қажет деп есептеледі [12, 155 б.].

4-кезең: пропорционалдылық.

- Егер жинарлық рәсімге қатысушының құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін шектеу нәтижесінде алынған қолдау, яғни осы шектеулерден көтерілген зияннан көп болмаса, жинарлық акт, жинарлық арызет (арызетсіздік) барабар деп есептеледі. Мемлекет аралыққа алынған құқықтары қиыншылықты маңызды әрі мінді болса, ол Конституцияда қиыншылықты күштеі көрсетіледі, қойылған мақсат оңдырымы салмақты, ал шаралар неғұрлым салмақ салмайтыншадай болуы керек. Конституциялық шектеі жоқ мақсат азаматтың конституциямен қорғалатын құқықтарына араласуды аздай алмайды. Өкімшілік орган және лауазымды тұлға қабылданатын шараларды тақдай келе, олардың арасынан ең жұсақты тақдай тиіс [12, 155-156 бб.].

Әкімшілік орган қалаудың заңды шектерін сақтауға міндетті. Олар Конституциядан және онда бекітілген құқықтық қағидаттардан (мысалы, құқықтық мемлекет негізіндегі пропорционалдылық принципі), қарапайым заңдардан, сондай-ақ, заң актілерінен бастау алады.

Сонымен қатар, әкімшілік орган мөлшерлестік қағидатын бұзған және заңда көзделгеннен өзгеше құқықтық салдарды таңдаған кезде, сенім қорғау қағидатын немесе негізгі құқықтарды бұзады. Аталған жағдайлардың барлығында әкімшілік орган әрекеті не шешімі заңсыз болып табылатын заңды салдарды таңдайды, осылайша атқарушы биліктің заңмен байланысты болуына байланысты оны таңдау мүмкін емес.

Мөлшерлестік қағидаты құқықтық мемлекет қағидатының ажырамас бөлігі ретін-

де Конституциялық құқықта да бекітілген. Бірде-бір шешім, бірде-бір дискрециялық шешім заңда көзделген құқықтық негіздің мақсатына мөлшерлес болмауы мүмкін емес.

Мөлшерлес емес шешімдер заңсыз болып табылады. Осылайша, егер құқықтық негіз әкімшілік органға өз қалауын білдірмесе, олар бірден шешім қабылдауда қателіктің болуына әкеледі. Өйткені, мөлшерлес емес және осылайша заңсыз шаралар әкімшілік орган таңдайтын шаралар қатарына кірмейді. Әкімшілік орган мен лауазымды тұлға құқық пен заңға бағыныштылығына байланысты, тек заңды түрде әрекет етуге міндетті, демек, ол мөлшерлес емес шаралар қабылдауға құқылы емес. Егер ол мұны істесе, онда ол бірден өзіне берілген қалаудың шегінен шығады (қалаудың шектеулерін бұзу).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *Общее административное право: учебник: в 2 ч. / под ред. Ю.Н. Старилова; Воронежский государственный университет. – 2-е изд., пересмотр. и доп. – Воронеж: Издательский дом ВГУ, 2016. – 760 с.*
2. *Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процесті кодексі Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ кодексі. Интернет ресурс (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000350>, жүгіну мерзімі 25.12.2021ж.)*
3. Maurer H. *Allgemeines Verwaltungsrecht*. Verlag C.H. Beck, München, 2011. –872.
4. Брэбан Г. *Французское административное право: пер. с фр. / под ред. и со вступ. ст. С.В. Боботова*. Москва: Прогресс, 1988. – 488 с.
5. *Основы адміністративного судочинства та адміністративного права / Куйбіда Р, Шишкін В. (заг. ред.). К.: Старий світ, 2006. 672 с.*
6. Nedjatigil, Zaim M. *Judicial Control of Administrative Discretion: A Comparative Study (Great Britain, France, Germany, Netherlands, Italy)*. *Anglo-American Law Review* 14,2,1985
7. Мельник Роман Сергеевич. *Административное усмотрение: понятие, Виды и условия правомерности применения/Вестник Института законодательства и правовой информации РК № 1 (64)-2021.*
8. Mcharg, Aileen. *Administrative Discretion, Administrative Rule-Making and Judicial Review // SSRN Electronic Journal, 2017.*
9. Friedrich, J. Carl. *Public Policy and the Nature of Administrative Responsibility*. *Public Policy*. Cambridge: Harvard University Press, 1940.
10. Коломоець Т.О. *Адміністративне право України. Академічний курс: підручник*. Київ : Юрінком Інтер, 2011.
11. Давыдов К.В. *Принципы административных процедур: сравнительно-правовое исследование*. (Электронды ресурс: http://www.kizilov-inc.ru/sites/default/files/gm_articles/principy_administrativnyh_procedur_sravnitelno-pravovoe_issledovanie.pdf)
12. Усатов П. *Административное производство в Германии: Общий обзор. Германо-Российская ассоциация юристов. сборник статей о праве Германии юбилейный выпуск №4 (декабрь 2020 г.). 214 с.* (Электронды ресурс: www.drjv.org)
13. Bull / Mehde, *Allgemeines Verwaltungsrecht mit Verwaltungslehre*, 9-шығарылым, 2015.

САЛАДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТЫҢ СЕРПІН БЕРДІ

Тәуелсіздік алған отыз жылдан астам уақыт ішінде еліміздің сот жүйесі айтарлықтай дамыды. Қазір дамыған елдердің стандарттарына сай, уақыт сұранысына жауап беретін, халық сеніміне лайық сот институтын қалыптастыра алдық деп айта аламыз. Дегенмен, саланың бұл жетістікке тоқмейілсіп тұрып қалатын ойы жоқ. Халыққа қызмет етуге ыңғайлы, азаматтардың сотқа деген сенімін арттыруға негізделген сот жүйесін құру мақсатында әлі де болса түрлі реформалар жасалуда.



Қалима ДУАНБЕКОВА,
Алматы қаласы Әуезов аудандық
сотының судьясы

Әсіресе, әкімшілік әділет жүйесінде жасалған өзгерістер халық көңілінен шықты. Азаматтар мен мемлекеттік билік органдарының арасындағы жария құқықтық дауларды реттеу жүйесі қазір жекелеген адамдардың ыңғайына қарай барынша икемделді. Осы заңға сәйкес азаматтардың мемлекеттік билік органдары арасындағы даулары кезінде соттардың белсенді рөлі қағидаты негізінде азаматтардың құқықтарын қорғауға басымдық берілуде. Тараптар тең саналғанымен олардың мүмкіндіктері әртүрлі. Әсіресе, бір тарап мемлекеттік орган, екінші тарап қарапайым азамат болған кезде олардың теңдігі туралы айту мүмкін емес. Өйткені, мемлекеттік органның артында тұтас қызмет өкілдері, заңгерлері, экономистері

басқа да еңбек және әкімшілік ресурстары бар. Ал жекелеген азамат, тіпті, өз құқығын да жете білмеуі мүмкін. Осындай үлкен мемлекеттік орган мен жеке адамның дауы кезінде, әрине, сот жеке адамның заңды немесе жеке тұлғаның мүддесін қорғауға басымдық беруі керек. Және бұл принциптер біздің кодексте көзделгені қуантады. Нағыз әділ сот жүйесі үстемдік құрды деп осыны айтуға болатын шығар.

2021 жылдың 1 шілдесінен бастап осы



институт өзінің жұмысын бастады. Жарты жылдың ішінде-ақ мемлекеттік органдардың басым бөлігі мұндай дауларда жеңіліп, жеке адамдар жеңуде. Яғни, жеке адамдардың жеңіске жету мүмкіндігі 55 пайызды құрайды. Осынша мөлшерде сот жеке адамдардың мүддесін қорғап отыр. Бұрын 85 пайыз жағдайда мемлекеттік органдар жеңіп келген болатын. Мәселен, бір азамат зейнеткер. Бұрын мемлекеттен жер учаскесін алып, кейін оны әкімдік өзіне

қайтарып алған болса. Қазіргі таңда осындай әуре-сарсаңға салған жағдайда мемлекеттік органның шенеунігі мұндай әрекеті үшін жеке басымен жауап береді. Егер заңсыздығы айқындалған жағдайда, ол мемлекеттік шенеунікке айыппұл салынып, тәртібі заңға сай қаралады. Яғни, бұл жерде мемлекеттік қызметкерлердің жауапкершілігін жоғарылатуға да қолжеткізіп отырмыз. Шын мәнінде азаматтардың құқығын қорғауда бұл заңнаманың маңызы зор болғанын байқаймыз. Қазір халық мемлекеттік органдарға қорықпай қарсы шығып, өз құқықтарын қорғауға кірісуде.

Енді қазір жасалып жатқан өзгерістерге келсек, менің ойымнан шыққан екінші бір өзгеріс, саланың цифрлануы дер едім. Бұл бағытта көптеген жұмыстар атқарылуда. Мәселен, біздің қазіргі таңда енгізіп жатқанымыз жасанды зерде элементтері. Жасанды зерде элементтерін енгізу арқылы сот жүйесіндегі сот практикасының айқындылығын нығайтуға болады. Және сот істерінің жедел қаралуына ықпал ете аламыз. Сот жүйесіндегі роботтандыру элементтері бағдарламасының артықшылығы көп. Бірінші артықшылығы – сот ісінің жедел қаралуы болса, екінші артықшылығы адами фактордың барынша төмендетілуі дер едім. Яғни, сыбайластыққа жол берілмейді. Бұрын борышкерлер шетелге шығатын кезде мемлекет оның қарызы бар-жоғын анықтайтын. База бойынша оның қарызы болса шетелге шығуына тыйым салынатын. Ондай істер он-он бес күн қаралатын. Шетелде жедел шаруасы барына қарамастан ол азаматтар күтуге мәжбүр еді. Ал қазір мұндай істер роботтандыру бағдарламасының арқасында санаулы минуттар ішінде дайын болуда. Арнайы бағдарлама сот актісінің жобасын дайындап береді, оның үстінен судья қарап, қолын қойып бекітеді. Сала жұмысын жеңілдетуге бағытталған бұл іс саланың бір жемісі деп білемін. Бір жағынан халыққа тиімді қызмет көрсетуге қол жеткізгенімізді байқаймыз. Яғни, халық сандық технологияның игілігін сезінуде.

Осыған дейін Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов қазақстандық соттар IT сервистер арқылы сот төрелігіне қолжетімділікті кеңейтуді көздеп отырғандығын айтқан болатын. Нәтижесінде, сала барынша сандық технологияның мүмкіндіктерін пайдалануда. Осы орайда, еліміздің сот төрелігі толығымен электронды форматқа көшірілді деп айта аламыз. Сала бойынша жылына 7 млн электронды құжаттың тіркелуі үлкен күш.

Қазір Соттар Big data технологиясын қолдануда, аумақаралық соттылық, роботтандыру элементтеріне негізделген цифрлық сот талдауы енгізілуде. Бұл жүйелердің қай-қайсысы болмасын халыққа өте ыңғайлы, сот жүйесіне серпін беретін мақтаулы жобалар.

Осының ішінде аумақаралық соттылыққа тоқтала кетсек. Аумақаралық соттылық жобаның мақсаты сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға арналған. Яғни, белгілі бір азамат Шымкент қаласында тұрса, бірақ, сол қаладағы судьяларға сенімсіздік білдірсе немесе қарсылас тараптың судьямен таныстығы бар екенін сезсе, жерлестік, руластық, туыстығы бар екенін біліп, соттың әділдігіне күмәнданса ол өз ісін басқа бір қалада Нұр-Сұлтанда, Алматыда, тіпті, Ақтаудағы әйтеуір бір басқа қала судьясына сеніп тапсырып, жүгіне алады. Яғни, өтінішхат беріп, соның негізінде келесі тараппен келісе отырып, талапкер немесе жауапкер істерін қалаған басқа өңірге ауыстырады. Бұл жоба да сотқа сенімді арттыру, халықтың көңілінен шығу мақсатында қолға алынып отырған бір шара. 2022 жылдың 1 тамызынан бастап қолданысқа енетін бұл бастамадан да үлкен үміт күтіп отырмыз.

Жалпы айтқанда саладағы өзгерістер сот жүйесіне серпін беріп, оң өзгерістердің азаматтардың көңілінен шығып жатқанын байқап отырмыз. Сондықтан сот жүйесіндегі өзгерістер тек жақсы нәтиже беріп жатыр.

ЗАҢ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Куәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы (бұрынғы Мичурин) көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.6.2022 ж. жіберілді. Басуға 20.6.2022 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 12. Таралым 820.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік
орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,
Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»